Қаздауысты ҚАЗЫБЕК: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

СЕЙСЕНБІ,
20 ЖЕЛТОҚСАН, 2022 жыл №141 (23 171)

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ E-mail: info@ortalyq.kz

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

DIGITAL KAZAKHSTAN

Барлық дерек eDensaulyq-та

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұдан былай кез келген адамның медициналық деректері eGov mobile қосымшасындағы жаңа бөлім – eDensaulyq-та жинақталады. Мұны ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин айтты.

Министрдің айтуынша, енді қазақстандықтар өздерінің барлық медициналық дерегін бір жерден көре алады. Дәрі-дәрмек тағайындау, диспансерлік есепке алу, медициналық анықтамалар, вакцинация, ауруханаға жатқызу, донорлық мәртебе, зертханалық зерттеу нәтижелері және аурухана парақтары, сонымен қатар жүкті әйелдерді есепке алу және диспансерлеу туралы ақпарат мобильді қосымшада болады.

– Мұның бәрі бірыңғай медициналық сервисті құруға бағытталған. Осы уақытқа дейін қазақстандықтардың медициналық деректері «электрондық үкімет» порталының әртүрлі бөлімдерінде шашыраңқы, пайдаланушыларға ыңғайсыз болды. eDensaulyq бөлімі қажетті медициналық деректерімен толыға береді. Цифрландыру жүрген жерде ашықтық принципі қашанда бірінші орында. Біз осы қосымшаны енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға ниеттіміз, – дейді Б.Мусин.

Егер қосымшада ақпарат қате болса, 1406 call орталығына немесе әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Telegram-боты арқылы қабарласу қажет.

Құрметті оқырман!

ОБЛЫСТЫҚ «ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5848,50	5919,00
		12 ай	11697,00	11838,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	6 ай	3100,50	3111,00
		12 ай	6201,00	6222,00

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

Анықтама телефоны:
8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Тегіс жол тұрмысты түзейді

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атқарушы билік Ақтоғай мен Ақсу-Аюлы арасындағы жолдың 16 шақырымын оңдауды ойлаған-ды. Тек, бұл міндетті мойнына алған мердігер шаруаның шырқын бұзды. Ақсу-Аюлының іргесінен Ақтоғайға қарай жүк артқан ауыр көліктер жүз шақырымды тоз-тоз қылды.

Шырғалаңға түскен жұрт шу көтерді, шағым айтты. «Ortalyq Qazaqstan» газеті де сан мәрте мәселенің астарына үңіліп көрді. Қазір билік істің қиюын келтіру қамымен жүр. Келесі жылы 50 шақырымды жөндеу жоспарда тұр.

Іздесеңіз, ұқсас оқиғаны өзге өңірлерден де оңай табасыз. Әрине, бұл статистикадан ел билігі хабардар. Сондықтан, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауалды бағдарламасында жолдың сапасына ерекше маңыз берді. Жұрттың жанына батқан мәселенің назардан тыс қалуы – қиянат-ты.

«Әділетті өңірлік саясат – адамдардың үлкен қалада да, шағын ауылда да жайлы өмір сүруі деген сөз. Әрбір отбасы таза ауыз суға, сапалы жолдарға, жылдам интернет пен тұрақты ұялы байланысқа қол жеткізетін болады», – деді Мемлекет басшысы. Баспана құрылысы, интернет және инфрақұрылым тартумен қатар, жол сапасына да айрықша тоқталды. Республикалық маңызы бар 8 мың шақырым және облыстық, аудандық маңызы бар 14 мың шақырым автожол салынып, жөнделетінін мәлімдеді.

Кеше Үкіметтің кеңейтілген отырысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов 2025 жылға дейін республикалық жолдар толық нормативтік қалыпқа келтірілетінін айтты.

«Автожол саласында барлық халықаралық транзиттік дәліздерді толық жаңғырту жоспарлануда. 2025 жылға дейін республикалық жолдардың – 100, ал, жергілікті жолдардың 95 пайызын нормативтік қалыпқа келтіру жоспарланған. Сонымен бірге, 52 автокөлік өткізу пунктін модернизациялау жүргізілуде», – деді Үкімет басшысы.

Мұхиттан шалғай Қазақстан үшін құрлық жолдарының стратегиялық салмағы батпан. Бағзы заманнан қазына артқан керуендер Ұлы дала арқылы Азия мен Еуропаны жалғап келеді. Ал, Қарағанды облысы – қазақ даласының қақ ортасында. Қай бағытта жол тартамын десеңіз, кедергі жоқ. Сондықтан, облыстағы жолдың сайрап жатуына Үкімет те мүдделі. Өйткені, жолы тегіс жұрттың тұрмысы түзу.

Мысал – Астана-Алматы дәлізі. Келешек экономикалық тиімділігін айтпасақ, кейінгі уақытта бұл жолдағы қайғылы оқиғалар қарасы көбейіп тұр. Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, көптің көңілін күпті қылған Қарағанды-Балқаш аралығындағы күрежол құрылысы келесі жылы тәмамдалады. Бүгінде 366 шақырымның 251 шақырымы төселіп, 11 көпірдің жартысы тұрғызылды.

Облыстағы жолдардың жалпы ұзындығы 9332 шақырымды құрайды. Биыл 1200 шақырымы жөндеуден өтті. Бұл есепте 661 шақырым – республикалық маңыздағы, 356 шақырым облыстық маңыздағы жол тұр. Сондай-ақ, қалалар мен аудандарда 190 шақырым жол жөнделді.

Ауылдағы ағайын «Ауыл – Ел бесігі» жобасының да шарапатын көрді дей аламыз. 41 шақырым жол осы жоба шеңберіне енді. Ал, көктем сайын қар суымен бірге ағып кетіп жататын Қарағанды көшелеріндегі жолдардың 47 шақырымына асфальт қайта төселді.

Жоғарыда аталған басқарманың автомобиль жолдары және жол инфрақұрылымын дамыту бөлімінің басшысы Ержан Кокушев жолдармен қатар, көпірлерді де қадағалаудан шығармайтындарын айтады.

– Қарағанды облысындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында 68 көпір бар. Биыл тозған тоғыз көпір жөнделді. Алдағы жылға жолдарға қатысты ауқымды жоспар түзілді, – дейді басқарма өкілі.

Нақты айтқанда, келесі жылы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының 179 шақырымын жөндеу жұмыстарымен қамту жоспарлануда.

Талай жылдан Қарқаралы жұртын сарсаңға салған жолдың жайы келесі жылы түзелуі тиіс. Президент Қарағандыға келген сапарында бұл мәселені шешуді мықтап тапсырған еді. «Қарағанды-Қарқаралы тасжолын жөндеуді тапсырамын. Қарқаралының туристік әлеуетін арттыру мақсатында бұл жұмысты алдағы екі жылдың ішінде аяқтау қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жергілікті билік созбаққа салмай, бірден іске кіріскен сыңайлы. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың Қарқаралыға барған сапарында аудан басшылығы 74 шақырым жөнделетінін хабарлады.

– Қарағандыдан Қарқаралыға дейінгі 197-207 шақырымдар аралығындағы жол учаскесі жөнделді. Алдағы жылы Матақ ауылына дейінгі 74 шақырымды және Бүркітті-Бақты бағытында 16 шақырымды орташа жөндеу жоспарлануда. Сондай-ақ, Қарқаралы-Ақжол бағыты бойынша 29 шақырымды жөндеу, Айрық пен Егіндібұлақ арасын асфальттау жұмыстары басталды, – деді аудан әкімі Ерлан Құсайын.

Мердігер «Қостанай жолдары» серіктестігі сиқын кетірген Ақсу-Аюлы мен Ақтоғай ауылдары аралығындағы жолдың да 50 шақырымына асфальт төселмек.

– Былтыр қос ауданның орталықтары байлаған автожолдың 210-226 шақырымдар аралығы жөнделді. Келесі жылға 50 шақырымы жоспарланып отыр. Халыққа түсінікті болсын, шамамен, Сәуле ауылының тұсынан «Саяхат» қыстағы деген жерге дейін барады. Қалған бөліктері тағы да кейін жөнделеді деп ойлаймын, – дейді Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ардагер Қапашев.

Бұдан бөлек, «Қарағанды-Саран-Шахтинск», «Қарағанды-Шахтинск-Есенгелді-Қайнар-Нұра», «Ақой-Сейфуллин-Ақсу-Аюлы-Ақтоғай-Балқаш», «Осакаровка-Есіл-Тельманское-Молодежное», «Ақсу-Аюлы-Қайрақты-Ақадыр-Мойынты», «Сейфуллин-Өспен-Ақадыр» және «Қарағанды-Аягөз-Қоянды-Егіндібұлақ-Бүркітті» жолдары тізімге еніп отыр. Яғни, күн жылына аталған бағыттардағы сапасы сын көтермейтін учаскелерде жұмыс қызады.

FIFA WORLD CUP Qatar2022

Месси & к мықтылығын дәлелдеді

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жылдар бойы асыға күткен доп додасы да мәреге жетті. Бұл чемпионат футболсүйер қауымға небір эмоция сыйлады. Әртүрлі күтпеген оқиғаның да куәсі болдық. Енді міне, доп додасына көз тіккен бір ай тарих қойнауына еніп барады.

Әлем чемпионатының ақтық кезеңінде Аргентина құрамасы Франция құрамасын жеңіп, кубокті төбесіне көтерді. Қос команда 2018 жылғы әлем чемпионатының 1/8 финалында кездескен. Сол жылы аргентиналықтарды жолда қалдырып, өздері чемпион атанған еді. Бұл жолы аргентиналықтар француздардың аяғынан шалды. Осылайша аргентиналықтар 1986 жылдан кейін араға 36 жыл салып, үшінші мәрте әлем чемпионы атанып отыр.

4-бетте

ДЕНСАУЛЫҚ

Жаңа емхана – ел игілігіне

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс орталығындағы Оңтүстік-Шығыс ауданында тағы бір емхана келушілерді қабылдауға дайын. Аудан тұрғындарына бұрыннан таныс «Береке» сауда үйінің орнында ашылған №15 емхана келер жылдың басында жұмыс істей бастайды.

Емдеу мекемесі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ашылды. Медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру арқылы емханалардағы жүктеме азайып, дәрігерге кіру кезегі азаятын болады. Мәселен, жаңа емхана 30 мың тұрғынды қабылдай алады.

– Аудан кеңейіп, жаңа тұрғын үй құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жас отбасылар да көп, – дейді №15 емхананың директоры Роза Разиева. Директордың айтуынша, қазір халықты тіркеу науқаны жүріп жатыр.

Емханада күндізгі стационар, амбулаториялық хирургия орталығы, педиатрия бөлімшесі және әйелдер денсаулығы орталығы жұмыс істейтін болады. Оның ішінде, әйелдер денсаулығы орталығы қаладағы емханалардың біразында жоқ. Онда отбасын жоспарлау кабинеті мен жүкті әйелдерге арналған мектеп ашылмақ.

Ауруды ертерек анықтау үшін МРТ, КТ, рентген, маммограф, флюорограф, бес ультрадыбыстық аппарат қойылған. Барлығы да жаңа, заманауи. Сондай-ақ, медициналық мекемеде кардиологиялық, неврологиялық және травматологиялық аурулары бар балалар мен ересектерді кешенді оңалту мүмкіндігі болады.

Сонымен қатар, науқастар жаттығу терапиясы, физиотерапия, массаж, су терапиясын да ала алады. Оның барлығы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті аясында көрсетілімдері бойынша тегін жасалады.

Степной-2 ықшам ауданындағы №15 емханада жаңа мекеменің филиалы ретінде жұмысын жалғастыра береді.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК.

СПОРТ

Егіндібұлақта еңселі спорт кешені

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен Қарқаралы ауданына барып, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысты. Арнайы Егіндібұлақ селосына табан тіреп, жаңадан салынған денешынықтыру-сауықтыру кешенін салтанатты жағдайда ашты.

– Егіндібұлақ ауылында «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында бірқатар іс-шара атқарылды. Бүгін біз заманауи спорт кешенін ашамыз. Ауыл жастарынан үлкен жетістіктер күтеміз, – деді аймақ басшысы.

Ел игілігіне берілген 100 орындық спорт кешенде балалар мен ересектер алаңсыз жаттыға алады. Спортзалға паркет төселген. Мұндай еден жабыны спортпен шұғылдануға ыңғайлы әрі жарақат алу қаупін азайтады. Жалпы аумағы 1 213,7 шаршы метрді құрайтын орталықтың спорт және атлетика залдары заманауи тренажерлермен жабдықталған. Сондай-ақ, жасөспірімдер үшін қазақ күресі, волейбол, футбол, гандбол, баскетбол, дзюдо секциялары бар.

– Облыс орталығынан шалғайда жатқан Егіндібұлақта спорт кешенінің ашылуы біз үшін зор қуаныш. Бұл – бұқаралық спорттың өрісін кеңейтуге зор мүмкіндік әрі спортшы жастарға деген қамқорлық. Өскелең ұрпақтың білімі – терең, денсаулығы – мықты болса, еліміздің болашағы да мәнді болмақ. Осы балалардың игілігіне салынған спорт кешені көңілге үміт ұялатады, – дейді дзюдодан жоғары санатты жаттықтырушы Ержан Әбішев.

Жылға жуық салынған спорт кешені жобасының жалпы құны – 811,4 млн. теңге. Құрылысты жүргізген мердігер «Агропромремстрой» ЖШС.

Сонымен қатар, жергілікті тұрғындармен кездесу өткізіп, жеке қабылдау жүргізді.

Қарқаралы ауданы

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК.

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

Ауыл медицинасын қолдау

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауылды дамытуға басымдық беріп отырған «Ауыл – Ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында, аймақта алты ауылдық фельдшерлік-акушерлік пункт салынды. Сондай-ақ, ауыл тұрғындарына ыңғайлы болу үшін мобильді дәріханалар жұмыс істейді.

Ауылдың экономикалық белсенділігі мен әлеуметтік әлеуетін арттыруда бұл бағдарламаның берер мүмкіндігі зор. Әлеуметтік қызмет көрсету нысандарын салу, инфрақұрылымын қалыпқа келтіру секілді іргелі жұмыстар атқарылуда. Ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сапалы және қолжетімді медицинаны дамыту көзделуде. Осы орайда, өңірде алты бірдей медициналық пункттің ашылуы халық қуанышын еселеуде.

Сонымен қатар, ауруханалар жаңартылып, бірқатар өңірде диализ орталықтары ашылды. Заманауи диагностикалық жабдықтар орнатылды.

– Халықтың салауатты өмір салтын ұстануына ықпал ету және қоғамдық денсаулық қызметін дамыту, медициналық көмектің сапасын арттыру, денсаулық сақтау жүйесін орнықты дамыту мақсатында аудандық медицина орталығына зор қолдау көрсетілді. Нақтырақ айтқанда гемодиализ орталығы ашылып, бес адам ем алуда. Компьютерлік томография орталығы ашылып, стоматологиялық кабинет жабдықталды, – дейді Қарқаралы аудандық ауруханасының директоры Дәурен Сейтпанов.

«Ауылдық денсаулық сақтау» ұлттық жобасы нақты қолдауға ие болып, 2025 жылға дейін 92 медициналық нысанның құрылысы жоспарланған. Оның ішінде 13 дәрігерлік амбулатория, 24 фельдшерлік-акушерлік пункт, 54 медициналық пункт бар. Сондай-ақ, Теміртау мен Балқаштағы ауданаралық ауруханалар жаңғыртылады.

Дәрігерлердің де тұрмыстық жағдайын жақсарту жұмыстары жалғасуда. Мәселен, «Дипломмен ауылға!» бағдарламасына қатысатын 60 жас маман тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несие алды. Өткен жылы 200-ге жуық жас дәрігер пәтермен қамтамасыз етілді, дейді облыс әкімінің баспасөз қызметі.

COVID-19

Бас санитар не дейді?

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің дерегінше, биыл жіті респираторлық вирусты инфекциямен ауырғандар 1,2 есе өскен. Қазан айынан бері 15 мың адам ауырған. Оның жартысынан астамы 14 жасқа дейінгі балалар. Бір жасқа дейін 1 389 бала ауырса, жүкті 686 әйел ЖРВИ жұқтырған. Бұл туралы кеше өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте облыстың бас санитариялық дәрігері Юрий Залыгин жеткізді.

Оның айтуынша, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамына сәйкес, қазір тұмаудың А вирусының (H3N2), H1N1 және В вирусының 3 штамы ушығып тұр.

– Эпидемиялық маусым басталғалы бері облыста тұмаудың 170 жағдайы зертханада расталды. Оның ішінде А3 тұмауының 4 жағдайы, В тұмау түрінің 166 жағдайы тіркелді.

Осы эпидемиологиялық маусымда ЖРВИ белгілері бар науқастардан 720 үлгі алынды, нәтижесінде көбісінде риновирус, аденовирус, РС-вирус және басқалары анықталды, – деді басшы.

Спикер тұмаудың алдын алудың ең тиімді әдісі ретінде вакцинацияны айтады. Биыл тұмауға қарсы барлығы 174 мыңға жуық адам егілді. Оның ішінде, 14 жасқа дейінгі 36 294 бала, 3507 жүкті әйел бар. Жалпы, облыс халқының 14,3%-ы вакцина алғанын атап өтуге болады.

КВИ көбейіп келеді

Соңғы уақытта коронавирус жұқтырғандардың қатары көбейгені байқалады. Мәселен, қазан айында 123 жағдай тіркелсе,

қарашада ол 201-ге жетті, ал, желтоқсанның 13 күні ішінде 168 жағдай тіркеліп отыр. Өткен айдың осы кезеңімен салыстырғанда сырқаттану 2,9 есе өскен. Жыл басынан бері КВИ-мен ауырған 51 879 адам тіркелді, оның басым бөлігінде ауру белгілері бар. Күн сайын орта есеппен 11-13 жағдай тіркелуде. Бас санитариялық дәрігердің айтуынша, ауырғандардың дені Балқаш, Теміртау мен Қарағанды қалаларында тіркелген.

– Бүгінгі таңда облыс аумағында «Цербер» штаммы анықталған жоқ. Десе де, жалпы деректер мен ел территориясында «Цербер» жаңа штамының табылуын ескере отырып, сырқаттанудың өсуін жоққа шығармаймыз. Аталған жаңа штамм тез жұғады, ауру көбінесе жедел респираторлық ауру түрінде жеңіл өтеді. 30 қарашада облыс аумағында айналымда жүрген КВИ штамдарын анықтау мақсатында өңірде тіркелген сынама үлгілері секвенирлеу үшін республикалық вирусологиялық зертханаға жіберілді, – деді Ю.Залыгин.

Вакцинация әлі де қажет

Осы уақытқа дейін коронавирусқа қарсы екпенің бірінші компонентін – 730 752 адам (71,5%), екіншісін 684 641 адам (67%) алды. Барлығы 291 517 адам (56,2%) ревакцинацияланды.

Қайта ревакцинациядан 51 546 (53,4%) адам өтті.

12-17 жас аралығындағы балалар, жүкті және бала емізетін әйелдердің арасында Pfizer вакцинасының бірінші компонентін 50 968 (41,1%) адам алса, екіншісін 45 854 (37%) адам қабылдаған. Толық курстан кейін немесе аурудан кейін вакцинацияның тиімділігі біртіндеп төмендейтінін еске салған спикер ревакцинация жасату қажеттігін ескертті.

Аймақтың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қолданыстағы қаулы талаптарына сәйкес, медициналық ұйымдарда (персонал, қызметкерлер, пациенттер, келушілер) бетперде тағу режимін міндетті сақтаса, көп жиналатын жерлерде, қоғамдық көліктер мен ұжымдарда бетперде тағу ұсынылатынын айта кеткен жөн.

Тамақ қауіпсіздігі – маңызды

Сауда объектілерінде іріктеліп алынған тамақ өнімнің 3 292 сынамасының 201-і нормативтерге сәйкес келмейтіні анықталды. Оның 84%-ы (169 сынама) ел аумағына әкелінетін өнімге және 16%-ы (32 сынама) отандық өндіріс өніміне тиесілі. Сонымен қатар, 17 сынамада жарамдылық мерзімі өткен болса, 33 сынаманың бактериологиялық көрсеткіштер жоғары болған. Бұл оның сақтау, сату немесе өндіріс процестерінің бұзылғанын білдіреді. Сәйкес келмейтін тамақ өнімдерінің 22 сынамасында физика-химиялық көрсеткіштері жоғары болған. Яғни, ет пен майдың массалық үлесінің, консервіленген ет құрамындағы ақуыздың арақатынасының төмендігі, шұжық өнімдерінде ылғал мен натрий нитритінің шамадан тыс мөлшері, сондай-ақ, жеміс пен көкөніс өнімдерінде нитраттар анықталды.

Ойыншыққа да ден керек

– Департамент тамақ өнімдерімен қатар, балалар ойыншықтары қауіпсіздігіне бақылау жасайды, – дейді Юрий Залыгин. – Биылғы жылдың 11 айында сауда объектілерінде балалар ойыншықтарының 421 сынамасы алынды. Олардың сараптама нәтижелері бойынша 183 сынама немесе 43,5% техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейді. Олардың барлығы Қытай, Өзбекстан, Ресейден әкелінген.

Сәйкессіздіктің негізгі бөлігі таңбалаудың бұзылуына байланысты екен. Ол 91,8%-ды (168 сынама) құрайды. Анықталған сәйкес келмейтін ойыншықтарда ойыншық туралы қандай да бір ақпарат, оның ішінде бұйымның атауы, дайындаушының атауы мен орналасқан жері, баланың жасын, негізгі құрылымдық материал, ойыншыққа күтім жасау тәсілдері, жасалған күні мен жарамдылық мерзімі және басқасы көрсетілмеген. Аталған ақпараттың болуы – Еуразиялық экономикалық одақтың «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің міндетті талаптары.

Департамент басшысы мереке қарсаңында балаларға сыйлық таңдауда ойыншықтардың сапасына мән беру қажеттігін ескертті. Сонымен бірге, тамақтан улану фактілерінің алдын алу үшін тексерілген, сенімді деген өнімдерді пайдалануды ұсынды.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Бітімгершілік жолындағы игі қадам

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түрлі әлеуметтік қақтығыстар адамдардың өзара әрекеттесуінің бір ғана формасы. Күнделікті өмірде келіспеушілік барлық жерде және қызметтің әртүрлі саласында кездесіп жатады. Жанжалдың алдын алу, қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалды сақтау мақсатында облыстық ішкі саясат басқармасы «Қазақстан азаматтары» қоғамдық бірлестігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының «Медиация» туралы Заңы аясында медиаторлар тобын құру, оларға арнайы оқыту курстарын ұйымдастыру жобасын жүзеге асырды.

Медиация институтының негізгі мақсаты – әлеуметтік және құқықтық жанжалдардың алдын алу. Сотқа дейінгі реттеу механизмі ретінде дамыту. Оны халық арасында соттар мен құқық қорғау органдарының қатысуынсыз жүргізілетін келешегі зор және баламалы әдіс ретінде насихаттау.

Атқарылған істерді қорытындылау мақсатында өткен арнайы дөңгелек үстелде Қарағанды облысының «Азаматтық Альянсы» Қауымдастығының президенті, жобаның үйлестіруші-директоры Дмитрий Полтаренко «Медиация» туралы Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде өңірде атқарылған шараларға тоқталып өтті.

– Қазіргі азаматтық қоғам кез келген әділетсіздікке төзбейді. Себебі, сандық технологиялар қарыштаған бұл күндерде бәрі алақандағыдай айқын көрініп тұр. Айшылық жерден жетіп жататын түрлі ақпар қазір басып қалсаңыз, ұялы телефоныңызда менмұндалап тұрады. Сондықтан, қабылдау тез болғанымен, түсінісу қиынға соғып кетті. Қазақстан мемлекеті де тәуелсіздігін нығайта түсу үшін кез келген азамат медиация институтына жүгініп тұруы заңдылық, – дейді Дмитрий Сергеевич.

Қатысушылар медиация арқылы бітімге келу мақсатында кәсіби медиаторлардың өзара іс-қимылы, сонымен қатар, дау мен жанжалды соттан тыс реттеуге мүдделігін анықтау туралы мәселелерге тоқталып, өзара пікір алмасты.

Шара барысында «Келіссөз жүргізу мәдениеті» тақырыбындағы курс қатысушыларына сертификат табысталды. Белсенділік танытқан медиаторларға Алғыс хат берілді.

Кездесу соңында қатысушылар халыққа медиация институтын түсіндіру бойынша ақпараттық-насихат жұмыстарын жандандыруға қатысты ұсыныстарын айтты.

Еске салып өтелік, облыстық әкімдік жанында кәсіби медиаторлардың фронт-офисі жұмысын одан әрі жалғастыруда. Өзіңізді толғандырған сауалдарыңыз болса, тегін жүгіну мүмкіндігі бар. Мекенжайы: Ә.Әлиханов көшесі, 13-үй, I қабат.

ЖОЛЖАЗБА

Алтай аңыздары

Қазақ тарихының бастауы – Алтайды көргім-ақ келіп жүрген. Қатон-Қарағай, Берел туралы да естуім мол. Жол түсті. Қатон-Қарағайдың Серік Толғанбаев, Құрмет Оразаев сынды азаматтары Кәмел Жүністегін шақырған екен. Қатон-Қарағайдың кешегі өткенін де, бүгінгі барын да дәріптейтін үлкен халықаралық айтыс ұйымдастырмақ. Атам соған шақырылған. Атам сол елдің батыры Қаратайдың мазарын тауып бергені үшін алтайлықтарға аса сыйлы. Осы сәтті пайдаланып мен де Алтайды да, Қатон-Қарағайды да, Берелді де көрмек болдым.

Өскемен қаласына ұшақпен 1-1,5 сағатта жеттік. Бізді Аэропорттан Мұрат деген жүргізуші көлігімен күтіп алды. Әрі қарай Қатон-Қарағайға аттану керек. Жол Алтайдың биік тауларының басына шығу арқылы ғана өтеді. Көк тіреген биікке шығу сан бұрылыстар арқылы жыландай ирелеңдеп, тау басына өрмелейді. Қиын да қауіпті, қызығы да мол жолды «Серпантин» деп атайды екен. Алтай тауын қалың жыныс орман басып жатыр. «Серпантин жолы» өте қауіпті, түнгі уақытта жыртқыш аңдар көп жүреді. Алтай таулары, Есіл өзенінің бойымен жүрдік. Түн жарымда Қатон-Қарағайға да жетіп, одан әрі «Мұзтау» деген жерге барып, орналастық. Күтіп алған Ғани деген ағатай біздің үйде сан мәрте болыпты. Үйдегі домбыраларды айтып, бәрін есімізге түсіріп отыр. Ертеңіне Қатон-Қарағайда айтыс өтпек, айтыстың басы-қасында жүрген Жүрсін Ерман, Ұлықбек Есдәулет және басқа да жан-жақтан келген айтыскерлермен жүздестік. Айтыс стадионда өтпек. Барсақ, алаңға «ауыл стилімен» 500 адамға жетерлік кәдімгі тюк шөптен орындық жасапты. Бәріміз бейджик тағып, орнымызға жайғастық. Атам қазылар алқасына төрелік етті.

Көрермен жұртқа айтыскерлерді таныстырды. Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолиядан және Қазақстанның әр аймағынан келген айтыскерлер саны 16 ақын. Айтыс басталды. Бірінші айналым бітіп, түскі астан соң, екінші айналымда сегіз айтыскер бақ сынасты. Сіркіреп жауған жаңбырда да айтыс тоқтаған жоқ, жұрт та тарамады. Маған қазақ өнеріне деген осы жұрттың сүйіспеншілігі қатты ұнады. Айтыскер ақындардың, көк тіреген Алтай тауларын да, жұмақтың иісі аңқыған Қатон-Қарағайды да аса шеберлікпен дәріптегені – жұртты әр кезең сайын дүр сілкіндіріп отырды. Осы бір керемет айтыста бас жүлдені Мұхтар Ниязов жеңіп алды.

Ертеңіне басқа шараларға қарамай Берел қорымына аттанған едік. Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет те бізбен бірге жол тартты. Адасыңқырап, тіпті, шекараға шығып кетіп барып, қайта оралып, Берел қорымына келдік. Жер асты музейі өте жақсы жасалыпты. Әлденеше метр тереңдікке біз де түстік. Міне, осы жерде мыңдаған жылдар бұрын жерленген ғажайып қабірлер ашылған. Сол бір заманда Египетте пирамидалар қаланып, Фараондардың мүрдесі сақталса, мына Алтайдың баурайында сол замандағы адамдар мүрдені шірітпей сақтаудың жолын қалай тапқан деп таң қаласың. Бұл да сол заманның қол жеткен ілімінің жетістігі ғой. Қолданып жүрген заттарымен, әшекей бұйымдарымен және де жылқыларымен бірге 2-3 мың жыл бұрын жерленген адам екен. Жылқыны маңдайынан ұрып өлтіріп жерлеген де, шіріп кетпес үшін қайыңның қабығымен бүкіл денесін орап тастаған. Үстіне құрт-құмырсқа ұяламас үшін усойқы деген шөптен дәрі жасап, сеуіп тастаған. Сөйтіп, қабірді жалпақ тастармен жапқан. Жылқы мен адамның сүйек, тері, еттері жақсы сақталыпты.

Жер асты музейінен әріректе Берел қорымының екінші музейі де ашылған екен. Адамның киіп жүрген киімдерін, пайдаланып жүрген заттарын, қыш құмыраларын, садақ оқтарын, алтындарын және басқа заттарын көріп, фотоға түсіріп алдық. Керемет салынған суреттерін, сызылған карталарын көріп шықтық. Алған әсеріміз де мол еді. Қазақ тарихын білгісі келген әр адамның Берел музейіне барғанын қалар едім.

Түн ортасы «Серпантин жолмен» Өскеменге жетіп, таң ата Қарағандыға бет алған ұшаққа міндік.

Досмұхаммед КӘМЕЛИ,
Қарағанды университеті
тарих факультетінің
II курс студенті

Суретте: **Өр Алтайдың баурайында.**
Ортада Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Еңбек өтілі ескеріледі

2018 жылы Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту сұрақтары бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына және 2013 жылғы «ҚР зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңына өзгерістер енген еді. Соған сәйкес, республика аумағына тұрғылықты тұруға көшіп келген этникалық қазақтарға зейнетақы тағайындау барысында олардың еңбек өтілі есепке алынатын болды.

Бұған дейін 1993 жылы Моңғолия Үкіметімен арада жасасқан әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы серіктестік туралы келісім 2014 жылы күшін жойған болатын. Сол жылдан бастап қандастарымыздың Моңғолия мемлекетіндегі еңбек өтілі жалпы еңбек өтіліне есепке алынбай келген еді.

Айтылған заң нормасы Қазақстан Республикасына тұрғылықты тұруға келген этникалық қазақтарға ғана қатысты екенін де айта кеткен жөн. Яғни, ел аумағына отбасын құру, білім алу, еңбек ету сондай-ақ, гуманитарлық және саяси қызығушылықпен келген азаматтарға қолданылмайды.

Сонымен қатар, заң нормасына сәйкес, этникалық қазақтардың тек еңбек өтілі ғана есепке алынатындығын және жасына байланысты зейнетақыға құжат жинау барысында оның білімі, әскери қызметі туралы құжаттардың аудармасын жасатып, оларды өткізудің қажеті жоқ екенін баса айтамыз.

Ләззат СЕМБЕК,
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау комитетінің
Қарағанды облысы бойынша
департаментінің бас маманы

Эл. пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Жемқорлыққа қарсы күрес

Жең ұшынан жалғасқан жемқорлық қауіпті құбылысқа айналғалы қашан. Тіптен, қоғамдық өмірдің барлық саласына салқынын тигізуде.

Түптеп келгенде, атаулы қылмыстың мәні мемлекеттік сектордағы адамдарға пара беруде немесе сатуда ғана емес. Тұтастай алғанда бір әлеуметтік жүйенің, оның ішінде мемлекеттік билік тармақтарының біртіндеп ыдырауында жатыр. Тағы бір себептерінің бірі – қоғамдағы тұрлаусыздық. Оған атқарушы құрылымдардың тиімсіз әрекетін қосайық. Кейбір жетіліп-піспеген заңнамалық үдерістер; әлемді шарпыған экономикалық түрлі сипаттағы дағдарыстар; халықтың саяси-құқықтық сауатының төмендігі; азаматтық қоғам институттарының сылбыр әрекеті; қоғамда қалыптасқан демократиялық дәстүрлердің шабандығы. Қажетті заңнаманы қолдануда сәйкесе бермейтін әлсіз сот жүйесі де қолбайлау болып тұрғаны жасырын емес.

Қоғамның жемқорлық сынды жегі құртпен күресі алдымен жастарды адамгершілік қағидаттарына тәрбиелеуден басталғаны абзал. Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра отырып, әркім қоғам алдындағы құқығы мен міндетін түсінуі шарт.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие берудің негізгі мұраты – жастардың азаматтық ұстанымын берік қалыптастыру. Ол үшін қажетті құндылықтарды санасына сыналап сіңіріп, әрқайсының азаматтық қоғам алдындағы міндетін ұғындыру аса қажет.

Ендігіде осы қоғам дертіне қарсы білім беру мен тәрбиелеу моделі «Заң», «Әділет», «Теңдік» секілді іргелі ұғымдардың аясында өрбуі аса маңызды. Ол білім берудің барлық деңгейлерінде көрініс табуы тиіс.

Бұл бағыттағы үгіт-насихат жұмыстарының өзіндік орны бар. Қазір сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру барысында кешенді іс-шараларды өткізу қолға алынды. Құқықтық мәдениет шеңберіндегі мінез-құлық моделінің қалыбында келесідей құзыреттердің болуы шарт:

– сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік қауіпті құбылыс ретінде тани білу;

– оның көріністерімен байланған белгілердің бәрін дерлік сын тезіне алып, объективті түрде бағалай білу;

– қоғамдағы тойымсыздыққа қарсы қауқарлы күрестің не екенін нақты сезіну. Әлеуметтік тұрмыстың белгілі бір салаларында жемқорлық ықтималдығын азайту үшін барлық тетіктерді пайдалану әдеті. Осы жұмыс кешені әр адамның моральдық-құқықтық нормаларына сәйкес келетін мінез-құлқына тұрақты мотивация! Мұнымен қатар, жеке тұлғаның қоғамдағы келеңсіз жағдаяттарға қарсы мәдениеті оның азаматтық белсенділігін көрсетеді. Оның құқықтарын, қауіпсіздігінің қорғалуын іске асыруға ықпал етеді деген тұжырым бар. Сайып келгенде, мұндай мәдениеттің негізінде әр адамның құқықтық деңгейі қылаңытпақ. Осыдан келіп, конституциялық құрылыстың тұрақтылығы, заң үстемдігінің нығаюы, заңнаманың қолжетімділігі, заңдылықты қатаң сақтау қағидалары берік орнығады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның аталған қоғам дертіне саналы түрдегі қарсылық көрсету қабілеті. Әр қоғам мүшесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті қоғамды тұрақтандырудың басты факторларының бірі.

А.СЕКСЕНБАЕВА

DIGITAL KAZAKHSTAN

ЭЦҚ-ны онлайн алыңыз

Енді ЭЦҚ алу үшін ХҚО-ға барудың қажеті жоқ. «Мобильді ХҚО» қосымшасында ХҚО операторымен бейнеқоңырау арқылы байланысып, ЭЦҚ-ға үйден шықпай-ақ тапсырыс беруге болады.

Бұған дейін компьютері жоқ қазақстандықтарға ЭЦҚ алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына баруға тура келді. Халықтың өтінішіне құлақ асып, Мемлекеттік корпорация жеке және заңды тұлғалар үшін «Мобильді ХҚО» қосымшасында ЭЦҚ алу мүмкіндігін енгізді. Ол үшін қосымшаға кіріп «бейне қызметі» батырмасын басу керек. Оператордың қосылуын күтіңіз, ол жеке куәлік пен SMS арқылы келген кодты сұрап, өтінімді қабылдайды.

«Жыл басынан бері 4 миллионнан астам азамат қызмет алу үшін ХҚО-ға жүгінді. Олардың шамамен 30%-ы ерекше сұранысқа ие ЭЦҚ алу қызметіне тапсырыс берген. Сондықтан біз ХҚО-ға баруды қажет етпейтін мемлекеттік қызмет көрсетудің қолжетімді және ыңғайлы амалын ойластыруды мақсат еттік. Қазіргі таңда «Мобильді ХҚО» арқылы 38 қызмет алуға болады. Тізімді әлі де толықтырамыз», – дейді Мемлекеттік корпорацияның Басқарма Төрағасы Сүйеніш Әбділдин.

Сондай-ақ, аталған қосымшада жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын және жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортының телнұсқасын беру, баланың туууына және бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындау, жерлеуге арналған бір реттік төлемдерді тағайындау, көп балалы отбасына жәрдемақы тағайындау, тұрғын үй көмегін тағайындау секілді ең көп сұралатын қызметтер де бар. Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қызметтерін де алуға болады.

Ақылы қызметтерге тапсырыс беру кезінде төлем шоты екінші деңгейдегі банктердің қосымшаларына келеді. Клиент бейнеқоңырау арқылы қызмет алу барысында баж салығын бірден төлей алады. Сонымен қатар, қосымша арқылы ХҚО-ға баруды алдын ала брондауға, электронды кезек талонын алуға, сізге жақын орналасқан ХҚО мекенжайын және өзекті мәселелерді көруге болады. Біз қосымшадағы қолжетімді қызметтер тізімін кеңейту ХҚО-ға келушілер ағынын азайтуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Айта кетейік, бүгінге дейін 68 мыңға жуық қолданушы ұялы телефондарына «Мобильді ХҚО» орнатқан. Қосымшаны Google Play және App Store онлайн-дүкендерден жүктеп алуға болады.

«Азаматтарға
арналған үкімет»
Мемлекеттік корпорациясы»
КЕ АҚ Қарағанды облысы
бойынша филиалы

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі облыстық ардагерлер кеңесінің тұрақты комиссиясының төрағасы Салкен Рамазанұлы Дәрібековке және отбасы мен жақындарына туған інісі, еңбек ардагері

Өрікбай РАМАЗАНҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.

Месси & к мықтылығын дәлелдеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аргентина құрамасы бірінші болып өздері гол салып үлгеруге тырысады. Содан кейін қорғаныста ойнап, қарсылас шабуылына қарсы тұрады. Бұл – команданың басты айласы. Осы айлаға салып, алғашқы таймда екі голды қарсылас қақпасына тоғытты.

Алғашқы гол – пенальтиден соғылды. Шабуылшы Анхель Ди Мария француздардың қорғанысынан өтіп, айып алаңына енген шағында Усман Дембеле оған қарсы тәртіп бұзады. Ал, бұл есепте алға шығуға үлкен мүмкіндік. Сондықтан, мүмкіндікті мүлт жібермеу керек. Команда капитаны Лионель Месси 11 метрлік айып добын орындамақ. Шешуші сәт. Оған артылған жауапкершілік жүгі де ауыр. Бір сөзбен айтқанда, қателесуге мүлдем болмайды. Бұған дейін Лео чемпионат барысында бес мәрте айып добын орындаған. Оның төртеуін соқса, біреуін Польша қақпашысы Войцех Щенсный қайтарған. Ал, шабуылшы бұл жолы жанкүйерлерін жерге қаратпады. Француздық қақпашы Уго Льористен айласын асырып, командасын алға шығарды.

Араға 10 минут салып, аргентиналықтар екінші голын соқты. Ди Мария әріптесі Алексис Макаллистердің пасын шеберлікпен қабылдап, қарсылас қақпашысын қапыда қалдырды. Бұл таймда аргентиналықтар допқа иелік етуде алдына жан салмады. Пас беру көрсеткіші жағынан да басым болды. Есеп – 2:0.

Ал, француздарға не көрінді? Олар аргентиналықтар секілді бұған дейінгі ойындарды тең аяқтап, пенальти сериясына дейін созған жоқ. Барлық кездесуді негізгі минутта аяқтаған командардың бірі. Тек, бұл жолы өздерін қолға ала алмаған сыңайлы. Алғашқы таймда ойында жүйе болмады. Жүйе болмаған соң соққы да қақпаға дарымай, берген пасы да бағытталған жерге тура жетпеді. Француздар 80-ші минутқа дейін өз-өздеріне келе алмай, сене де алмай жүрді. Тек, 79-шы минутта аргентиналық Николас Отаменди айып алаңына енген Рандаль Коло-Муаниға қарсы ереже бұзды. Осы сәтте француздарға ес кіріп, қайта жігерленгендей. Шабуылшы Килиан Мбаппе айып добын сәтті орындап, есеп алшақтығын қысқартты.

Араға бір минут салып Мбаппе қақпа алдына жетіп, айып алаңының ішінде тұрған қорғаушының қолына тиіп, оған қарсы ереже бұзылды. Осылайша, оларға тағы бір пенальти жазылды. Өкінішке қарай, аргентиналық қақпашы айып добын орындаған Мбаппенің соққысын

Энцо Фернандес «Үздік жас ойыншы» атағын жеңіп алды. Ал, 30 жастағы қақпашы Эмилиано Мартинес «Үздік қақпашы» атанды. Командасын алға сүйреп, шешуші сәттерде шеберлік таныта білген қақпашының еңбегі

Французлар құдды осы сәтті күткендей. Араға бір минут салып Мбаппе қос голдың авторы атанды. Маркус Тюрамның әуелете берген пасын жерге түсірмей, қақпаға бағытталған шабуылшы таразы басын теңестірді. Ойын – енді қыза түскендей.

Негізгі тайм тең аяқталып, соңы қосымша минутқа ұласты. Десе де Лионель Месси 108-ші минутта есепті 3:2-ге жеткізді. Міне, нағыз эмоцияға толы ойын! Ойынның бітуіне шамалы ғана уақыт қалды. Жанкүйерлер көз жасына ерік беріп, осы есептің өзгермеуін іштей тіледі. Алайда, француздардың шабуылы барысында доп қайтара алмады. Есеп – 3:3.

Ойынның соңы пенальти сериясына созылып, онда аргентиналықтар жеңіске жетті. Осылайша, олар екі жылдың ішінде үш кубок иеленіп, жанкүйерлерін қуантты.

Чемпионаттың күміс жүлдесі үшін болған ойында Хорватия құрамасы Марокконы 2:1 есебімен жеңді. Биыл да хорватиялықтар құр қол қайтпады. Ал, биылғы чемпионаттың басты сенсациясы – Марокко құрамасы. Керемет ойын көрсетіп, соңына дейін күресті.

Чемпионаттың қорытындысы бойынша 21 жастағы аргентиналық ақталды. Ал, француздық шабуылшы Килиан Мбаппе чемпионаттың «Үздік сұрмергені» атанды. Лионель Месси – чемпионаттың «Үздік ойыншысы». Ол осыдан сегіз жыл бұрын дәл осы атақты жеңіп алып еді. Бұл жолы чемпионат кубогін қоса көтеріп кетті.

Жыры да, жөні де бөлек доп додасы осымен тәмам! Жылдар бойы күткен дода бір айда өте шығып, тарих болып қала берді. Енді 2026 жылы әлем чемпионаты АҚШ-та өтпек. Ол чемпионат биылғыдай емес, басқа форматта болады. Ал, біз асыға күтеміз!

● БОКС

Жарылғапов турнирі жалау көтерді

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ғалым Жарылғаповты еске алуға арналған XXVIII халықаралық бокс турнирі басталды. Жарысты облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, бокстан Олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі және облыстық бокс федерациясы бірлесіп ұйымдастырды.

Аталған былғары қолғап додасына Қазақстан, Куба, Әзірбайжан, Тәжікстан, Қырғызстан, Грузия және Камбоджаның ең мықты боксшылары мен 26 команда қатысады. Жалпы 135 спортшының 16-сы қыз.

Осыған орай, Н.Әбдіров атындағы спорт сарайында айтулы жарыстың баспасөз мәслихаты өтті. Оған бокс спортының майталмандары мен Олимпиада чемпиондары Серік Сәпиев, Илья Ильин, бокстан Грузия құрамасының қазіргі бас бапкері Рамаз Полиани, ресейлік және америкалық актер, продюсер Игорь Жижикин қатысты.

– Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын. Бүгінгі басты күн – осы атаулы күн. Ал, өтетін турнирге келер болсақ, боксшылар, барлығыңды бірдей қайтпас қайсар, табанды болуға шақырамын. Алдағы додада жеңіс тілеймін, – деді Серік Сәпиев.

Турнирдің алғашқы жекпе-жегін облыс әкімінің орынбасары Ербол Әлікұлов ізгі тілегімен ашты. Сондай-ақ, қарағандылық бокс жанкүйерлерін құрметті қонақтар – Куба Республикасының Қазақстандағы елшісі Оскар Сантана Леон, белгілі кинорежиссер, сценарист, Қарағандының тумасы Олег Степченко, бокстан әлем чемпиондары Роландо Гарбей, Валерий Рачков, Георгий Канделаки, Рамаз Полиани, аты аңызға айналған футболшы Евгений Ловчев, танымал актер Игорь Жижикин да құттықтап ақжарма тілегін білдірді.

Жанкүйерлерді қазақстандық және шетелдік былғары қолғап шеберлерінің керемет те қызықты жекпе-жегі күтеді. Жүлделерден басқа турнир жеңімпаздары ақшалай сыйлықтарға ие болады. I орын – 300 мың, II орын – 200 мың, III орын – 100 мың теңге. Финалдық жекпе-жек және халықаралық біріншіліктің жабылуы 21 желтоқсанда өтеді деп күтілуде.

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Қарағандылықтар алда

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыдағы «Жастар» спорт кешенінде жеңіл атлетшілер сынға түсті. Жарысқа қатысушылар пилонда, сақинада және полотноларда өнер көрсетті. Жарысқа 300-ге жуық спортшы қатысқан. Қатысушылардың ішіндегі ең жасы – 6 жаста болса, үлкені – 50 жаста.

Жарысқа Қарағанды, Теміртау спортшыларынан бөлек, Астана, Алматы, Павлодар, Қостанай және Бішкектен де келген. Олар бағыттары бойынша әр күні кестеге сай өнер көрсетті. Қатысушылардың арасында бұл спорт түрін енді үйреніп келе жатқан жандардан бастап, жоғары деңгейдегі спортшылар да бар. Мұндай жарыс Қарағандыда алғаш рет өткізілуде. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табысталды.

Жарыс қорытындысы бойынша облыс атынан қатысқан спортшылар құрқол қайтпады. Облыс қоржынына 28 – алтын, 23 – күміс, 16 – қола жүлде салды.

● ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Аланды күтіп алды

Үстел теннисінен жасөспірімдер арасында өткен Әлем чемпионатының алтын жүлдесін жеңіп алған Алан Құрманғалиев пен Қазақстан құрамасының бас бапкері, қарағандылық спортшының жеке тәлімгері Эльмира Әлиеваны Астана әуежайынан жерлестері арнайы күтіп алды. Кездесу барысында чемпион журналистердің қойған сұрағына жауап беріп, қуанышымен бөлісті.

Жерлесіміз жеке сайыста қол жүлде иеленіп, жұптық кезеңде алтын алған еді. Айтулы жеңіспен оралған спортшыны бір топ қарағандылық Астана әуежайынан күтіп алды. Сол уақытта жеке жаттықтырушысы Эльмира Әлиева спортшының ендігі мақсаты туралы айтты.

– Биылғы жыл қиындау болды. Бірақ сәтті аяқталды. Қойылған міндеттерді орындадық. Алан біртіндеп ересектер санатына ауысады. Алдымызда жаңа мақсаттар тұр, – деді Эльмира Әлиева. Ал, 15 жасар чемпион:

– Жеке сайыста өзімді көрсете алмадым. Алтын алғанымда тіптен жақсы болар еді. Жұптық кезеңде Египет спортшысы Хана Годамен жұптастым. Ол – мықты теннисші. Екеуміз бұрын-соңды ойнаған емеспіз. Мен оны екінші рет қана көрдім. Алайда, чемпионат барысында бір-бірімізді барынша түсінуге тырыстық. Екеуміздің түсіністігіміздің нәтижесінде жеңіске жеттік. Өз басым ересектер санатына ауысудан қорықпаймын. Жаттығуды қолға алып, одан әрі шеберлігімді шыңдауды қолға аламын, – деді.

● ДЖИУ-ДЖИТСУ

Әлем чемпионатынан жүлдемен оралды

Санкт-Петербург қаласында Шығыс жекпе-жегі джиу-джитсуден өткен Әлем чемпионатынан жерлестеріміз олжамен оралды. Әлемдік додада Қарағандының намысын қорғаған үш спортшы төрт алтын, бір күміс медаль иеленді.

34 келі салмақта бақ сынаған Асанәлі Абаев күміс жүлде иеленді. Ал, 35 келіде сынға түскен Әли Ақсұңқар мен 95 келіде жарыс жолына шыққан Фариас Карлос қос алтынмен апталды.

Әли Ақсұңқар былтыр спорттың осы түрінен Дубайда өткен Әлем чемпионатынан алтын алған. Биыл да Әлем чемпионатынан қос бірдей алтын алып, әлемнің үш дүркін чемпионы атанды. Жарыстың шарты бойынша спортшылар кимано және кимоносыз ұрыс өткізген. Қос сайыста Әли тәжік, шешен және орыс спортшыларын жолда қалдырып, қос бірдей алтын алды.

– Демалыс күндері екі мезгіл жаттығу жасадық. Ал, сабақ уақытында жаттығу күн сайын бір мәртеден болады. Наурыз айында Әлем чемпионаты Польша мемлекетінде өтеді екен. Келген соң жаттығуды қайта бастаймыз, – деді Әлидің әкесі Рауан Серікұлы.

● ВОЛЕЙБОЛ

Мықтылар бас қосты

Қарқаралы ауданында Тәуелсіздік күні қарсаңында Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің ерлік жасағанына 80 жыл толуына орай волейболдан аудан аралық ашық турнир өтті. Аталмыш турнирге 13 команда қатысып, өзара бақ сынасты.

Ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаев пен спорт бөлімінің басшысы Ербол Иксанов арнайы қатысып, жарысқа қатысушыларға жылы лебізін білдірді. Одан бөлек, ауыл әкімі, ардагерлер алқасының төрағасы мен ауыл имамы, батырдың туыстары да болды.

Турнир қорытындысында «Абай» командасы қарсыластарын жолда қалдырып, I орын иеленді. «Қарағайлы» командасы – II орын, «Тоқтар» командасы – III орынға тұрақтады. Ал, жүлделі IV орынға «Нұркен» командасы табан тіреді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ұйымдастырушылар тарапынан ақшалай сыйлық табысталды. Сондай-ақ, «үздік» деп танылған 10 ойыншыға арнайы сыйлық берілді.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің сайт: www.ortalyq.kz Таралымы 6 230 Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА
Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

● Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген.
● Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«БанкЦентрКредит» АҚ КФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

№141 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор
Жәлел ШАЛҚАР

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда
№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Шамшырақ

■МҰҒАЛІМ МІНБЕРІ

Газет ұлтты тәрбиелейді

Руханияттың басы – мектеп. Мектепте мұғалімдер бүтін бір ұлттың болашағы – жас ұрпақты тәрбиелейді. Оқушылардың бойына отаншылдық сезімді сіңіруде, адами құндылықтарды, ұлттық тәрбиені беруде мектеп пен ұстаздардың рөлі орасан. Міне, осы жолда мектептің соғып тұрған жүрегі – ұстаз еңбегін, жеткен жетістігін көпшілікке паш етуде газеттің маңызы ерекше. 90 жылдық тарихы бар облыстық «Орталық Қазақстан» газеті осы үдеден шығып, Қарағанды облысының қалың қауымына қызмет етіп келеді.

Білім саласының өзекті мәселелерін, ұстаздар қызметін, еңбегін, жетістіктерін жариялауда облыстық газеттің алар орны айрықша. Ашылғанына көп бола қоймаған газет ішінен жарық көретін «Шамшырақ» қосымшасы ұстаздарға қызмет етіп келеді.

Мұнда мұғалімдердің тәрбиеге бағытталған іс-шаралары туралы мақалалар, оқушылардың өлең, эсселері жарияланады.

Мен мұғалім үшін де, жалпы облыстағы көкірегі ояу азаматтар үшін де маңызды ақпараттар мен тың деректер, шымыр да шынайы шығармаларды жарыққа шығарып, оқырманның көңілінен шығып жүрген «Орталықтың» тұрақты оқырманымын. Өңірдің ақпараттарын газеттен оқып қана қоймай, өзім де мақала жазып тұрамын. «Орталық Қазақстан» газеті жазған мақаларымын мен өлеңдерімді кешіктірмей жарыққа шығарады.

Жыл сайын Қарағандыдағы Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп ұжымы «Орталық Қазақстан» газетіне жазылып, оқиды. Арасында мұғалімдеріміздің мақалалары «Шамшырақ» қосымшасына шығып тұрады.

Қазіргі заман – гаджеттің заманы десек те, газеттің заманы өте қойған жоқ. Ұлтты тәрбиелеуге қызмет ететін құрал – мұғалімдердің ұрпақ тәрбиелеудегі ісіне аса қажет дүние.

Сондықтан да, барша әріптестерімді тұғырлы Тәуелсіздік мерекесімен құттықтай отырып, Арқа үнжариясы «Орталық Қазақстан» газетіне жазылуға шақырамын!

Айнұр ЖАПБАРҚҰЛОВА,
Әлихан Бөкейхан атындағы ЖББ мектебінің директоры

ҚАРАҒАНДЫ

■СЕМИНАР

Шахмат – ұтқырлар ойыны

Шахмат – ақыл-ой спорты, адамды жылдам ойлануға, шешім қабылдауға және қадам жасауға жетелейтін адам баласының дүниетанымын кеңейтетін, сөздік қоры мен ойлау қабілетін дамытатын, математика, химия, физика секілді пәндерге көп септігін тигізетін, әлемде кең таралған ойындардың бірі.

Қазіргі ақпараттық технологияның кең дамыған кезінде оқушылардың логикалық және жүйелі, сыни ойлауын қалыптастыруда шахматтың алатын орны зор.

Осы мақсатта Ақтоғай ауданындағы Күләш Бәйсейітова атындағы білім ордасында Абай атындағы мектеп-интернатының жоғары санатты дене тәрбиесі пәні мұғалімі Нұрсұлтан Хамзин «Шахмат ойыны» үйірмесінің жұмысын насихаттау және дамыту мақсатында «Шахмат – ұтқырлар ойыны» атты аудандық семинар өткізді. Семинар барысында аудитория арнайы жабдықталып, 30 жылдан астам педагогикалық өтілі бар ұстаздарға арналған слайд-презентациялар көрсетіліп, көрме ұйымдастырылды. «Шахмат ойыны» үйірмесі бойынша жасалған жұмыстар көрсетілді. Әдіскер-ұстаз Нұрсұлтан Оралұлы мен ұстаздар арасындағы шахмат ойынының жеңімпазы Гүлжанат Алданқызы шеберлік сағаттарын ұйымдастырды.

Сондай-ақ, оқушыларға тренинг, шахматтан жарыс ұйымдастырылды. Іс-шараға қатысқан дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне «ФИДЕ шахмат ойнау ережелері» атты мануалдар беріліп, Алғыс хат пен естелік сыйлықтар табысталды.

Шахмат ойыны жарысында К.Бәйсейітова атындағы мектептің оқушылары Сұлтан Қайрат жүлделі І орын, Ислам Бақдәулет ІІ орын, Әли Құрманғали ІІІ орын иеленді, ойын жеңімпаздарына дипломдар мен бағалы сыйлықтар берілді.

Тағылымды семинардың ұстаздарға берері мол болса, оқушылардың шахмат ойнауға қызығушылығын туғызды.

Зекен МАКЕНБАЕВА,
Абай атындағы мектеп-интернаты директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары
Абай ауылы
Ақтоғай ауданы

■МӘСЕЛЕ

Мұғалім жетіспейді: себеп көп, шешім қандай?

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әр баланың жас күнінен сауатын ашуда, білім көкжиегін кеңейтіп, оң мен солын танытуда ұстаздың алар орны ерек. Көкірек көзі ояу бала есейгенде ел дамуына қызмет етеді. Оқу-білімнің іргетасы о бастан дұрыс қалануы үшін мұғалімдер қажет. Ал, олар болмаса ше?..

Еліміздің әр түкпірінде мұғалімдер жетіспейді. Мәселен, Қарағанды өңірінде 300-ге жуық мұғалім қажет. Маман жетіспеуіне не себеп?

Сурет интернеттен алынды

Қарағанды облысы білім басқармасының мәліметінше, жыл басынан бері өңірге 728 маман қажет болды. Қазіргі таңда университет және колледж түлектерімен кездесіп, педагог мамандығының маңызын түсіндіріп, жұмысқа шақырудың нәтижесінде 436 жас маман жұмысқа орналасқан. Десе де, аймақта орыс мектептеріндегі бастауыш сынып мұғалімі, математика, физика, орыс тілі пәні мұғалімдері қажет.

Мәселен, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі Светлана Одинцова: «педагогика мамандықтарына түсушілерге талап жоғары, сондықтан талапкерлер оқуға түсе алмайды, мұғалім жетіспеушілігінің бір себебі осы болуы мүмкін», – дейді.

– Бастауыш білім беру мұғаліміне сұраныс жоғары, жалақысы да әжептәуір. Сол себепті оқуға түсетіндер арасында осы мамандықты таңдап келетіндер баршылық. Бізде магистратура бітірген студенттер де мектепте жұмыс істеп жатыр. Оларға қосымша ақы төленетінін де атай кеткен жөн. Десе де, педагогикалық мамандықтарға түсушілерге жыл сайын талап күшейтіліп жатыр. Өздеріңізге белгілі, шекті балл – 75. Ақылы оқудың бағасы да қымбат. Бастауыш сынып мұғалімі мамандығына грантпен оқуға түсетіндер саны аз, – дейді Светлана Анатольевна.

Биыл бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша қазақ бөлімінде 199 студент, орыс бөлімінде 46 студент университет бітіреді екен.

Жаңа оқу жылында орыс бөліміне жеті студент қана оқуға түсіпті. Ал, қазақ бөлімінде 47 студент білім алуда. Қысқартылған мерзімде оқып жатқан орыс бөлімінде 20 студент болса, қазақ бөлімінде 53 білім алушы бар екен. Бұл деректерге қарағанда, орыс мектептерінде оқытатын бастауыш сынып мұғалімдерінің аз екенін байқауға болады.

Оған қоса, бұл мамандықта оқып жатқан университеттің 4-курс студенттері Астана қаласы әкімінің грантына ие болыпты. Олар Астана қаласында жұмыспен қамтылып, үш жыл мерзімін өтеуі тиіс дейді кафедра меңгерушісі.

Одан өзге, бастауыш сынып мұғалімі мамандығында Қарағанды облысы әкімінің грантымен білім алып жатқан студенттер де бар. Әрине, олар диплом алған соң, өңірдегі білім беру ұйымдарына жұмысқа орналасады. Десе де, жетіспеушілік бар.

ҰБТ-да физика, математика пәнін таңдаған түлектер мұғалімдіктен басқа мамандықтарға түсуі мүмкін. Орыс тілі, бастауыш сынып мұғалімдері де ауыл-аймаққа бара бермейді.

Қазір мектеп бітірген түлектер арасында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына түсетіндер көп секілді. Оқу бітірген соң, осы мамандар жұмыс іздеп сабылады. Ауыл-аймаққа барған күннің өзінде сағат табылмайды. Ауыл мектептерінде орыс тілі пәні мұғалімінің орны бос тұрса, қазақ тілі мамандары өз мамандығына қатысы жоқ пәннен сабақ беруге мәжбүр болады. Бұл ара-тұра кездесетін жағдай.

– Мен университет бітірген соң, дипломмен ауылға келдім. Алайда, өз мамандығым бойынша жұмысқа тұра алмадым. Себебі, бос орын жоқ. Амалсыз басқа пәннің мұғалімі болмаған соң, орнына мен сабақ бердім, – дейді жас маман Асыл Сайлауқызы.

Енді бірі ауылға барып жұмыс істегісі келмейтінін айтады. Бұл да мұғалім жетіспеушілігінің бір себебі.

Педагог мәртебесі туралы заң қабылданған соң, мұғалімдердің қоғамдағы орны айқындалып, жалақысы да артты. Заң бойынша қажетсіз жұмыстардан қолын босатты. Осылайша, мемлекет ұстаздардың мәртебесін көтеруде.

P.S.: Біз мұғалім жетіспеушілігінің бірді-екілі себебін атадық. Ал анығында оның басқа да себептері болуы мүмкін. Оны анықтап, салдарын жою ісі біртіндеп қолға алынып келеді.

Соңғы жылдары Оқу-ағарту министрлігі педагог мамандығына түсушілерге талапты күшейтіп, ҰБТ-да шекті балды 75-ке дейін көтерді. Бұл – педагог мамандардың сапасын арттыруға жасалған оң қадам болды.

Қоғам дамуы үшін сапа да, сан да маңызды.

■БӘРЕКЕЛДІ!

Оқушылар жеңіспен оралды

Астана қаласында Оқу-ағарту министрлігінің кубогіне арналған республикалық пікірсайыс турнирі өтті. Қарағандылық жас өрендер турнирде ІІ орын жүлдегері атанды.

Турнир үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілінде өтті. Пікірсайысқа Қазақстанның барлық өңірлерінен 100-ден астам оқушы қатысты.

Оқушылар заманауи білім берудегі үштілділік, жоғары технологияларды дамыту, салық салудың әділетті прогрессивті шкаласы, ойын бизнесіне тыйым салу және т. б. өзекті тақырыптарды талқылады.

Орыс лигасында Балқаш қаласындағы №4 жалпы білім беретін мектебінің «Жігер» командасы екінші орынға ие болды.

– Біздің командада 11-сыныптың екі оқушысы – Мария Куликова мен Данила Огай болды. Жеңімпаздарды Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов пен бокстан Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев марапаттады. Жаңа адамдармен таныстық. Ұмытылмас әсер алдық. Балқашқа біз дипломдармен және бағалы сыйлықтармен, сондай-ақ баға жетпес тәжірибемен және жылы естеліктермен оралдық, – деді № 4 ЖББМ тарих пәні мұғалімі және мектеп дебат клубының жетекшісі Мадина Мейірханова.

Өз тілшіміздең

■БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Баланың қуанғаны қандай бақыт!

Әр бала туған күнін асыға күтеді. Дүние есігін ашқан күн – олар үшін бір мереке. Қарағанды қаласындағы Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығының тәрбиешілері балаларға «Қуанышты күн» атты дәстүрге айналған мерекелік іс-шара ұйымдастырады.

Осы күнді асыға күтетін балалар таңертеңнен көтеріңкі көңіл-күймен оянады, бұл күн оларды шаттыққа бөлейді.

Қыздар тәрбиешілермен бірге дастархан мәзірін дайындайды. Тәрбиешілер қыздарға тамақ дайындау тәртібін, дастарханды қалай жасау қажеттігін үйретеді.

Дастархан жасалып болған соң, тәрбиешілер қыздарды сәндендіреді. Оларды әдемі киіндіріп, шаштарына бантик тағып, арнайы шаш үлгісіне арналған әшекейлермен әсемдейді. Тіпті, олар бір-бірінің бетіне арнайы бояумен салып берген бейнені қызықтап, мәз болады.

Балдырғандардың қызғалдақтай құлпырған, қуанған сәтін көргенде тәрбиешілер көзіне еріксіз жас келетінін жасырмайды.

Туған күн дәстүрінің бірі – шырақ жағылған торт емес пе? Осы дәстүрді ұмытпайтын тәрбиешілер үлкен тортқа бірнеше шырақ жағып ортаға әкеліп, барлық қыздар армандарын ойлап, бір мезетте бірге үрлейді. Көңілді музыка қойылып, дөңгелене тұрып, «Каравай, каравай кого хочешь выбирай» деген ойынды ойнайды.

Мерекелік іс-шара екі тілде өтеді, себебі онда әр ұлттың балалары бар. Ойын барысында олар екі тілде бір-біріне жылы лебізін білдіреді. Тәрбиешілер дайындаған сыйлықты тосын сый болып келген клоун таратып береді. Балалар клоунмен бірігіп билейді, ән айтады, ойын ойнайды. Осыдан соң дастархан басына жайғасады.

Дастархан басында әр бала өзінің арманымен немесе қызықты оқиғаларымен бөліседі. Фотосуретке түседі. Балалар тәрбиешілерге алғыс айтуды ұмытпайды, әр бала жақсы тілек білдіреді. Қуанышты күн көңілді би кешімен жалғасады.

Мұндай ерекше күннің балалардың көңілінен шығатыны сонша – көпке дейін олардың есінде қалып қояды.

«Қуанышты күн» – бақытты балалық шақтың бір бейнесі болсын деген ниетпен ұйымдастырылатын ерекше іс-шаралардың бірі. Балаларға қуаныш сыйласақ – біздің мақсатымыздың орындалғаны.

Балалардың бәрі аңсаған армандарына қол жеткізіп, еліміздің саналы, инабатты, білімді, тәрбиелі азаматы болсын деп тілейміз.

Барлық бала бақытты болсын!

Жұпар ЖҰМАҒАЗИНА,
Меруерт АШЫҚБАЕВА,
Озипа САМЕНБАЕВА,
Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығының педагог-модераторы, педагог-сарапшысы, жоғары санатты тәрбиешісі

■БІЗДІҢ СҰХБАТ

Еліміздің әр аймағындағы білім басқармалары өңірдің күретамыры іспетті. Әр саланың дамуына, жетілуіне ықпал ететін білімді, талапты, мемлекетшіл жастар осы басқармаға қарасты мекемелерде білім алып, тәрбиеленеді. Күретамырдың берік болуы өңірдің қуатын арттырып, кәсіби мамандардың көбеюіне ықпал етеді. Қарағанды облыстық білім басқармасының бүгінгі жұмыс барысы қандай, жаңа оқу жылы алдында жоспарланған іс жүзеге асты ма, алда қандай мақсат бар деген сауалдар төңірегінде басқарма басшысы Гүлсім Қожахметованы әңгімеге тарттық.

Гүлсім ҚОЖАХМЕТОВА,
Қарағанды облыстық білім басқармасының басшысы:

«Жайлы мектеп» жобасымен 18 мектеп салынады

– Мемлекет басшысы Жолдауында «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынуы тиіс деді. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов «Жайлы мектеп» жобасына қаржы республикалық бюджеттен бөлінетінін айтты. Қарағанды өңірінде бұл жоба бойынша мектеп салына ма?

– «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы бойынша облыста 2025 жылға дейін 18 мектеп салу жоспарлануда. Алдымен 2024 жылы – 7 700 орындық 10 мектеп, оның ішінде Қарағанды қаласында төрт мектеп салынады. Олар: «Кеңдала» шағын ауданында 2000 орындық (103 мектеп), «Жаңа ауданда» – 1500 орындық, «Көгілдір тоғандарда» – 1200 орындық, «Гүлдерде» – 300 орындық бастауыш мектебі. Ал, аудандарда алты мектеп: Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлыда 300 орындық, С.Сейфуллин кентінде 300 орындық екі білім ошағы, Бұқар жырау ауданында үш мектеп: Доскей ауылында 300 орындық, Нұра бекетінде 300 орындық, Үштөбе ауылында 300 орындық, Балқаш қаласының 8-шағын ауданында 1200 орындық бір мектеп салынбақ. Жоспарға сәйкес нысандардың құрылысы 2023 жылы басталады.

Ал, 2024 жылы 6 800 орындық сегіз мектептің құрылысы басталады. Қарағанды қаласының «Восток-5» шағын ауданында 2000 орындық, «Жаңа ауданда» 1500 орындық, «Кеңдалада» 900 орындық, Пришахтинскіде 600 орындық төрт мектеп болса, Приозерск қаласында 300 орындық, Абай ауданында 600 орындық, Нұра ауданы Нұра ауылында 600 орындық, Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласында 300 орындық мектептер салынады.

Қазір болашақ мектептердің мекенжайлары мен параметрлерін көрсете отырып, елді мекендер бөлінісінде мектептерді іске қосу жоспары әзірленді.

– Білім беру басқармасының жұмысы – қоғамдағы ең жауапты жұмыстардың бірі. Жаңа оқу жылы басталарда басқарма басшылары оған дайындық барысын үнемі айтады. 2022-2023 оқу жылының ширегі таяп қалды, тамыз айында «жаңа жекеменшік балабақша ашылады және жұмыс істеп тұрғандары кеңейтіледі, Саран қаласында 270 орындық тағы бір жекеменшік балабақша, сондай-ақ Шет ауданында 50 орындық балабақша ашылады», – деген едіңіз. Осы балабақшалар ашылды ма?

– Жыл басынан 2000-ға жуық орын ашылған болатын. Жыл соңына дейін де бюджет қаражатын үнемдеу есебінен жаңа орындар ашу жоспарда бар. Қарағанды қаласындағы жекеменшік балабақшаларда қосымша 200 орын, сондай-ақ Саран қаласы Ақтас кентінде 270 орындық жаңа жекеменшік балабақша. Осы күндерде Қарағандыдағы жаңа орындарға өтініштер жиналуда, ол конкурс арқылы беріледі.

Ал, Ақтастағы балабақшаға коммерциялық топтар жинақталып, қараша айынан бастап іске қосылды. Жаңа ережелерге сәйкес конкурсқа қатысу үшін құрылтайшы құжаттарын толық реттегеннен соң, 180 орынға мемлекеттік тапсырыс негізінде баратын бүлдіршіндер орналастырылады. Ғимаратты толық пайдалануға беруге кәсіпкер дайын емес, себебі екінші жартысындағы жөндеу жұмыстары аяқталмаған. Құрылтайшы дайын болғанда біз мемлекеттік тапсырысты толық жобалық қуатпен беруге дайынбыз.

– Жекеменшік балабақшалардағы оқыту бағдарламасын сіздер қадағалайсыздар ма? Ондағы тәрбиешілердің біліктілігін арттыру қалай жүзеге асады?

Қазақ тілінде оқытатын балабақшаға баласын берген ата-аналар балаларының орыс тілінде сөйлейтінін айтады. Осы тұрғыда оқыту тілі қазақ тілі деп белгіленген топ тәрбиешілеріне белгілі бір талап қойыла ма? Жуырда «Алтын Мирас» балабақшасына баласын берген ата-ана осындай мәселе көтерді...

– Мемлекеттік тапсырысы бар жекеменшік балабақшалардың барлығы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен мемлекеттік стандарт шеңберінде жұмыс істейді. Биыл жаңа стандартпен жұмыс бастадық.

Балабақшалардың оқу жоспары білім беру саласындағы бақылау департаментінің аттестация өткізу аясында тексеріледі. Қалалық, аудандық білім бөлімдерінің әдістемелік орталықтары бұл сұрақ бойынша тұрақты түрде бағыт-бағдар беріп отырады.

Жекеменшік ұйымдардағы педагогтерге жыл сайынғы жалақыларының өсуіне республикалық бюджет есебінен қаржы бөлінеді. Ол жан басына қаржыландыру соммасында қарастырылған. Ал, тәрбиешілердің біліктілігін арттыру қаржыландыру әдістемесінде бекітілмегендіктен, тәрбиешілер мемлекет тарапынан ұйымдастырылатын ақысыз курсқа қатыспайды. Кәсіпкерлер мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бөлінген қаржыға өз қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмыстарын жүргізеді.

Біз бұл мәселе бойынша сұрақты былтыр көтергенбіз. Қазір Оқу-ағарту министрлігі тарапынан жекеменшік балабақшалардың педагогтерін курстарға жіберу мәселесі қарастырылуда. Нормативтік құжат қабылданғаннан кейін қолданысқа енеді.

Осы күні балабақшалардың қазақ топтарында 52,8 процент тәрбиеленуші бар.

Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларында, Абай, Осакаров аудандарында орыс тілді халық басым. Сондықтан, бұл аймақтарда аралас балабақшалардың орыс топтарына қажеттілік әлі де сақталады.

Қарағандыдағы «Алтын Мирас» балабақшасы – мемлекеттік тапсырыс орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйым.

Әлеуметтік желіде көтерілген мәселе бойынша ол балабақшаның әкімшілігімен жұмыс жүргізіліп, ұйымдағы топтар оқыту тілі бойынша аралас тілді болмауы керек екендігі түсіндірілді. Қазақ тілінде оқытатын топтарда оқу-тәрбие процесі тек қазақ тілінде жүргізілуі тиіс.

Егер бұл талап басқа да жекеменшік ұйымдарда орындалмайтын болса, онда жоспардан тыс мониторинг жүргізетін боламыз. Бұл мәселе менің жіті бақылауымда.

– Орта білім мәселесіне ойыссақ, тамыз айында өткен брифингте өңірге 728 маман қажет екені айтылып еді. Қарағандыда – 282, Теміртауда – 105, Балқашта – 51, Нұра ауданында – 66, Бұқар жырау ауданында – 90 маман керек болатын. Қазір қанша маман жұмысқа орналасты. Нақты қай пәндердің мұғалімі қажет?

– Осы оқу жылында білім беру ұйымдарын педагогтермен қамтамасыз ету бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Оқу жылының басында айтылған кадрларға қажеттілік толықтырылды.

Кадрмен қамтамасыз ету мақсатында жоғары оқу орнын және колледж бітіретін түлектермен бірнеше рет кездесу өткізіп, педагог мамандығын насихаттап, жұмысқа шақырдық. Нәтижесінде 436 жас маман жұмысқа қабылданды. Орыс сыныптарындағы бастауыш сынып мұғалімі, математика, физика, орыс тілі пәндерінің мұғалімдеріне әлі де болса қажеттілік бар.

Жас мамандарды білім беру ұйымдарына жұмысқа тарту – өзекті сұрақтардың бірі. Оны шешу мақсатында 2018 жылдан бері жыл сайын педагогикалық мамандықтарға облыс әкімінің гранты бөлінеді. Оқу бітіргеннен кейін олар облыс көлеміндегі білім беру ұйымдарына жұмысқа жіберіледі. Сондай-ақ, колледждерге де жыл сайын мемлекеттік тапсырыс беріледі. Биыл колледждерге педагог мамандығына 1 091 студент қабылданды.

Қазіргі уақытта республика бойынша университеттерге хат жазып, біздің облысымыздан оқып жатқан студенттерге сұрау салдық. Оларды туған жерге жұмысқа шақырып, жұмыспен қамту жоспарда бар.

– Мектеп кітапханашыларының мәселесі жайлы сөз қозғалғанда, оқулықтарды мектепке жеткізу мәселесі мен кітапханашы штатының техникалық қызметкерлер қатарында жүргені айтылады. Шындығында бір мектептің барлық сыныбындағы оқушыларға таратылатын кітапты жеткізу бірді-екілі кітапханашыға ауыр жүк, рухани қазынаға жауапты адамның техникалық қызметкер санатында жүргені де қисынсыз. («Орталық Қазақстан» газетінің қараша айындағы «Шамшырақ» қосымшасында жарияланған мақалада айтылды). Бұл мәселе жайында не айтасыз?

– Қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін кітапханашы мамандығы туралы бір ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес. Кітапханашылардың басты міндеті – кітапхана жұмысын ұйымдастыру, кітапхана қорын қалыптастыру және сақтау, оқушылар мен педагогтерге қызмет көрсету. Ал, білім беру ұйымдарына оқулықтарды жеткізу және оны тасымалдау мемлекеттік сатып алу рәсімінде тасымалдаушы көлік компанияларына жүктелген.

Қазіргі таңда, мектеп кітапханаларын дамыту мақсатында алдымызға бірнеше міндет пен мақсат қойдық. Айта кетсек, мектеп кітапханаларын жаңғырту арқылы балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру. Бірінші кезекте кітапханаларды заманауи дәрежеге жеткізу, кітапханашылардың әлеуетін көтеру және кітапханаларды көркем әдебиетпен толтыру мәселесіне баса назар аударудамыз.

Мектеп кітапханаларының қоры жыл сайын жаңа кітаптармен толығады. 2022 жылы көркем әдебиет сатып алуға 141 млн. теңгеден астам қаражат бөлінсе, мектеп кітапханаларын жаңғыртуға 54 млн. теңге бөлінді.

– Өңірдегі мектептердің спорттық базасы қандай? Спорттық базаға спортзалдан бөлек, ойын алаңдары да кіреді. Ойын алаңдарының сапасы стандартқа сай ма? Көктем-күз мезгілінде оқушылар алаңсыз денешынықтыру сабағына қатыса ала ма? Қарағанды қаласындағы бір-екі мектептің даладағы спорт алаңында газон жоқ екенін көрдік.

– Облысымыздағы 89% жалпы білім беретін мектеп типтік спортзалмен қамтылған. 2025 жылға дейін спорт ғимараттарын салу кестесі қалыптастырылды. Бүгінгі таңда Шет, Бұқар жырау ауданы мен Саран қаласында үш спортзал салынуда.

Сонымен қатар, мектептерде 400-ден аса спорт алаңы мен 150-дей көпфункционалды корт оқушыларға қызмет етуде.

Оқушылар күз және көктем айларында жеңіл атлетикамен және спорттық ойындармен шұғылданады. Жыл сайын қыс мезгілінде корттарда мұз айдыны жасалып, хоккей жарысы, мәнерлеп сырғанау өтеді. Сонымен қатар, спорт алаңдарына шаңғы жолдары салынады.

Балалар жылы аясында Қарағанды облысының балалар құқықтары жөніндегі уәкілінің бастамасымен «Балаларға арналған қауіпсіз аймақ!» атты челлендж өтті. Білім беру ұйымдарында балалардың ойын, спорт алаңдары, серуендеу аймақтарының тұтастығы мен қауіпсіздігіне тағы бір зерделеу жүргізілді. Зерделеу нәтижесінде кездескен кемшіліктерді жою бойынша іс қолға алынды.

Қазіргі таңда облыс мектептерін қажетті спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету 63 % құрап отыр. Биыл құрал-жабдықтарды сатып алуға 41,0 млн. теңге бөлінді.

Оқушыларды спортпен, оның ішінде бұқаралық спортпен шұғылдануға баулу мақсатында облыс мектептерінде 4 200-ден астам спорт секциялары жұмыс істейді, онда 68 мыңнан астам бала қамтылған.

– Қараша айында жоғары сынып оқушылары таңдау пәндерін пысықтайтыны белгілі. Облыс бойынша ҰБТ-ға дайындық басталып та кетті, барысы қандай?

– 11- сыныптың барлық түлегі қорытынды аттестаттаудан (қорытынды емтихандардан) өтеді, яғни мектепте емтихан тапсырады, оның нәтижелері бойынша орта білім туралы аттестат беріледі.

Аттестаттауда ешқандай өзгерістер жоқ, оқушылар былтырғыдай 5 пәннен тапсырады, оның ішінде 4-еуі міндетті пән (ана тілі, екінші тіл, алгебра және талдаудың басталуы, Қазақстан тарихы) және олардың оқу бейінін ескере отырып, таңдау бойынша бір пән.

Ұлттық бірыңғай тестілеуге келетін болсақ, тестілеу – жоғары оқу орнына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір түрі.

ҰБТ-ны жылына бес рет тапсыруға болады, яғни, қаңтар, наурыз және тамыз айларында – ақылы негізде түсу үшін және маусым-шілде айларында – бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін тапсырады.

Биылғы тестілеу форматында өзгерістер жоқ.

2023 жылғы білім беру салалары бойынша шекті балл – 50 баллды құрайды. Алайда, кейбір білім беру бағдарламалары бойынша шекті балл өзгертілген, олар:

«Педагогикалық ғылымдар», «Құқық» бағыттары бойынша кемінде – 75 балл;

«Денсаулық сақтау» – кемінде 70 балл;

«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, «Ветеринария» – кемінде 60 балл.

Сондай-ақ Ұлттық мәртебесі бар ЖОО-ларға – кемінде 65 балл.

Оқушылар testcenter.kz сайтында барлық пәндер бойынша тест нұсқауларымен дайындалуға мүмкіндіктері бар.

– Мәліметі мол сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Назым ДҮТБАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

■БАЙҚАУ

Жыл мұғалімі анықталды

Биыл алтыншы рет өткізілген «Жыл мұғалімі – 2022» облыстық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Тоғыз мұғалім арасынан үздік шыққан Балқаш қаласы Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Гаухар Қуанышбаева байқауда жеңіске жетіп, «Жыл мұғалімі» атанды.

Байқау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар қазылар алқасына өздерінің жетістіктерін ұсынды. Оның қорытындысы бойынша ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізген 34 педагог екінші турға өтті. Оның ішінде тоғыз адам финалға жолдама алды. Қорытынды кезеңінде байқауға қатысушылар қазылар алқасына өздерінің визит карточкаларын шығармашылық нөмірлер түрінде ұсынды және зияткерлік сұрақтарға жауап берді.

– Мен мектепте оқып жүргенде мұғалім болуды армандадым. Бастауыш сынып және ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне қызығатынмын. Мамандық таңдауда қателеспедім десем де болады. Балалармен жұмыс жасау – өте жауапты іс. Оларға сапалы білім беруге барымды саламын. Биыл жазда Ұлыбританияда «Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өтіп, пандемия кезінде оқушылар мен әріптестеріме арналған YouTube-арнаны іске қостым. Болашақта магистратураға шетелдік жоғары оқу орнына түскім келеді. Өйткені, мұғалімдер үнемі өзін-өзі жетілдіріп, білімін толықтырып отыруы тиіс, – дейді Гаухар Қуанышбаева.

Қазылар алқасының шешімі бойынша I орын «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының математика пәні мұғалімі Нұрдәулет Абылайға берілді. Жас маман мектепте жұмыс істеп жатқанына 5 жыл. Ол облыстық және республикалық байқауларда бірнеше мәрте жеңімпаз атанған.

Байқауда «№2 Білім-инновация» лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Арай Абдрахманова II орынға ие болды. Ал, III орын №1 Теміртау классикалық лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Татьяна Мининковаға берілді.

Сондай-ақ, ең белсенді қатысушылар арнайы сыйлықтар мен номинацияларға ие болды. Саран қаласының Абай атындағы ЖББ мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Әйгерім Түркенова «Азамат Рамазанұлы атындағы арнайы грантқа» ие болды. Ал, №4 арнайы мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гүлжан Сақбаева «Үздік үй тапсырмасы» номинациясымен марапатталды. Приозерск қаласының №1 ЖББМ-нің математика пәні мұғалімі Назира Шакетова «Үздік сыныптан тыс іс-шара» номинациясының иегері атанды. «Үздік сабақ» номинациясының иегері Шет ауданы Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Гаухар Жаңабекова болды. «Көрермендер көзайымы сыйлығы» номинациясына Абай ауданы Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Айжан Жұмакелді ие болды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табысталды.

Өз тілшімізден

■«ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА...»

Өсімдіктің емдік қасиетін тапты

Ғылымның даңғылына жол салған Назарбаев зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушылары Аружан Ертуған мен Тоты Лекерова жаңа жоба ойлап тапты. Олар химиялық дәріні алмастыратын өсімдіктен алынған табиғи препараттың емдік қасиетін анықтады.

Бұл жобаны жүзеге асыруға Қарағандыдағы «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингінің мамандары көмектескен.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқушыларға НЗМ-нің биология пәні мұғалімі Сәуле Нұрсейітова жетекшілік еткен. Сондай-ақ, «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі стероидтық химия қосылыстары зертханасының меңгерушісі, академик, химия ғылымдарының докторы, профессор Бораш Төлеуов ғылыми кеңесшісі болған. Жетекшілердің көмегімен жас ғалымдар волга сылдыршөбінің емдік қасиетін анықтап, «экдистерон» ұнтағын алуға болатынын байқаған. Бұл өсімдік Қазақстанның әр аймағында өседі екен. Осы шөптен ұнтақты алудың өзі ұзақ процесс дейді өнертапқыштар. Экдистеронның бір қасиеті – суда емес, спиртте ериді. Ал оқушылар осы препараттың суда еритін табиғи нұсқасын тапты. Яғни, волга сылдыршөбінен алынған табиғи зат – экдистеронды емдік мақсатта пайдалануға болады.

– Бұл ұнтақ – ең тиімді шикізат. Өсімдіктен алынған табиғи заттың суда еритін нұсқасын таптық. Мұны организмге енгізгенде сергіткіш қасиет береді. Мәселен, туберкулезбен ауырған адамдардың қайтадан күш жинауына экдистерон жақсы көмектеседі, – дейді Аружан Ертуған.

Зерттеудегі мақсат – препараттың қабынуға қарсы белсенділігін анықтау болған. Оқушылар қабынуға қарсы әсерін зерттеу барысында экдистерон ұнтағына ацетат деп аталатын сірке қышқылын қосып, жаңа қасиетін байқаған. Ол үшін алдымен 32 егеуқұйрыққа тәжірибе жасап, олардың жартысына Натрий диклофенагын, жартысына жаңа кешенді енгізген. Нәтижесінде химиялық дәрі мен табиғи дәрінің әсері бірдей екеніне көз жеткізген.

– Біздің препарат – жақсы көрсеткіш. Себебі, ол өсімдіктен алынған табиғи зат. Зерттеу барысында Натрий диклофенагы мен біздің препараттың беретін әсері бірдей екенін анықтадық. Бұл адамдардың ішкі құрылысына, гормондарға әсер етпейді. Сергіткіш қасиет береді. Бұл ұнтақты капсула түрінде емдік мақсатта фармацевтикада, медицинада қолдануға болады, – дейді Тоты Лекерова.

– Бұл жерде экдистеронның суда еруі, өсімдіктен алынуы жаңалық болды. Болашақта әрі қарай дамыту ойымызда бар. Экдистеронның коронавирусқа қарсы белсенділігін анықтағымыз келеді, – дейді оқушылар.

Бұл жобамен Қазақстандағы Назарбаев зияткерлік мектептері арасында өткізілген байқауда қарағандылық НЗМ оқушылары бірінші орын алып, республикаға жолдама алды.

Болашақта Аружан дәрігер болуды армандайды. Ал Тоты химиялық инженерия мамандығына оқуға түскісі келеді. «Шетелге оқуға түскіміз келеді, бірақ елге келіп жұмыс істейміз», – дейді олар.

Таудай талабы бар жастарға біз де сәттілік тіледік!

■САУАЛНАМА

Бүгінгі таңда облыста 2650 бала ерекше білім беруді қажет етеді. Әлеуметтік ортаға ену үшін балаларға отбасынан басқа орта керек, яғни мұғалімі мен достары қажет. Биыл Қарағанды қаласында 3 инклюзияны қолдау кабинеті ашылды. Мектептерде 167 педагог-ассистент өз жұмысын бастады. Қарағанды облысындағы мектептерде ерекше балаларға арналған арнайы сыныптар ашылып жатыр. Десе де, ерекше балаларға қоғамның көзқарасы қалай? Біз инклюзивті қоғам құруға дайынбыз ба? Білім беру ұйымдарынан мамандардың ойын біліп, осы сауалдарға жауап іздеген едік.

Инклюзивті қоғам құруға дайынбыз ба?

Приозерск қаласындағы «Айналайын» бөбекжайы «Мектепке дейінгі мекемеде инклюзивті тәрбиені дамыту» бағдарламасы бойынша 2013 жылдың қазан айынан бастап, инклюзивті білім берумен айналысады. Білім басқармасының 2013 жылғы 29 қазан айының №469 бұйрығы негізінде тәжірибелік-эксперименттік алаң ашылған. Осы эксперименттік жұмысты жүргізу барысында «Айналайын» бөбекжайында Монтессори даму бөлмесі ашылған. 2019 жылы қаңтар айында облыстық эксперттік кеңесте ТЭЖ жұмыстары қорытындыланып, сәтті аяқталды. Балабақшамызда ерекше білім беруді қажет ететін балалар бар. Олар қалыпты дамып келе жатқан балалармен бірге тәрбиеленеді. Балабақшада арнайы мамандар: дефектолог, логопед, психолог, монтессори-педагог, инклюзивті білім беру бағыты бойынша үйлестіруші (координатор) бар. Балалар бірге ойнайды. Алғашқы кезде ата-аналар тарапынан түсінбеушіліктер болды, кейіннен жақсы қабылдады.

Жалпы, біздің ел бұрынғыға қарағанда инклюзивті қоғам құруға дайын деп айтуға болады.

Айткүл КҮЛМАҒАНБЕТОВА,
«Айналайын» бөбекжайы КММ директоры
ПРИОЗЕРСК

Британдық политик Дэвид Бланкетт ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болуға тиіс дейді. Бұл – әрбір адамның қатысуымен шынайы инклюзивті қоғам құрудың қажетті шарты. «Біз әрбір баланың қажеттіліктеріне және басқа да жағдайларына қарамастан, өзінің әлеуетін толық іске асыруға, қоғамға үлес қосуға және оның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беруге міндеттіміз» деген пікір айтады саясаткер. Ерекше балалар да қоғамның бір бөлшегі. Өмірлік қиын жағдайға тап болған барлық адамдар, тіпті дамуында кемістігі бар балалардың толық және сапалы білім алуына жағдай жасауымыз керек. Дарынды балаларға арналған мектептерде инклюзивті сынып ашылып жатса, біз мұны құп көреміз.

Құралай КҮЗЕУОВА,
Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының психологі
ҚАРАҒАНДЫ

Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінде ән салу бөлімі, кітапхана ісі, сәндік-қолданбалы өнер мен би, халық аспаптар бөлімінде оқитын ерекше білім беруді қажет ететін студенттер бар. Былтырғы оқу жылында сәндік-қолданбалы өнер және би бөлімі бойынша оқыған екі студент диплом алып шықты.

Колледж студенттері арасында ерекше білім беруді талап ететін балалар кейбір дене, сөйлеу кемшіліктеріне қарамастан, өнер саласында барлық балалармен бірге білім алады. Мамандығына байланысты студенттерде жеке сабақтар көп. Көбіне мұғалімдер ерекше білімді қажет ететін студенттерге арнайы бағдарлама құрастырып, жеке тапсырмалар береді.

Мұғалім ретінде айтарым, ерекше білімді қажет ететін балаларды өзінің жасындағы ортадан айырмау керек. Жас ерекшелігіне қарай, дене бітімі мен ой-санасына қарай әр баланың өз ерекшелігі болады. Ал, өнердегі ерекшелік әр баланың өнер саласына қатысты қабілетімен байланысты. Өнерлі балаға әр мұғалім мүгедектігі бар екен деп қарамайды. Сабақта мұғалім соны ескеріп тапсырма беріп, қабілеті мен жағдайына қарай оқу бағдарламасын құрып, әр сабағын қызықты өткізеді.

Ерекше балалар арасында өнерлі балалар өте көп. Әрі өнерлі балалардың өмірге деген құлшынысы өте жоғары болады.

Фарида АБДИХАЕВА,
Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің бос уақытты ұйымдастыру пәнінің оқытушысы

■БІЗДІҢ СҰХБАТ

Әсел Қасым:

XXI ғасыр мұғалімі – жаңашыл болуы тиіс

Оқушыларға компьютерді үйретіп, осы салаға бейімдеп жүрген ұстаздардың еңбегі орасан. Еңбекті бағалаған Оқу-ағарту министрлігі 2012 жылдан бері педагогтерге арналған республикалық байқау өткізіп, ақшалай сыйақы тағайындады. «Үздік педагог» байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернатының информатика пәнінің мұғалімі Әсел Қасымды аз-кем әңгімеге тарттық.

– Әсел Жаңғарбайқызы, облыстың «Үздік педагогі» атануыңызбен құттықтаймын. Осындай байқаулар мұғалімдерге стимул бола ма? Педагог мәртебесі туралы заң қабылданған соң, қоғамда ұстаз беделі қаншалықты өсті? Ұстаз ретінде сезіне алдыңыз ба?

– Көп рақмет. Кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу – қызметтегі бір белесті бағындырумен тең. Әрбір адам ең үздік болуға ұмтылады. Осындай жеңістің бәрі мұғалім шеберлігін одан әрі шыңдауға күш береді. Байқау жеңімпаздарына ақшалай сыйақының берілуі де педагогтерді ынталандырады. Біздің мектептен тек мен ғана емес, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ж.Әбікенова қатысып, «Үздік педагог» байқауының облыстық кезеңінде жеңімпаз атанды.

Педагог мәртебесі туралы заң қабылданған соң, қоғамның ұстазға деген көзқарасы өзгерді. Бұрынғы қағазбастылық азайды, қазір цифрландыру жүріп жатыр. Бұл кез келген мұғалім үшін айтарлықтай жеңілдік.

Тағы бір айта кететін жайт, көптеген халықаралық байқаулардың, түрлі олимпиадалар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған педагогтерге мемлекеттен сыйақы беріледі. Міне осындай бағалау ұстаз мерейін үстем қылады.

– Өзіңіз білім берген шәкірттер қандай жетістікке жетті?

– Бүгінгі таңда менің оқушыларым Ақпараттық технологиялар саласында өте жақсы нәтижелер көрсетті. Былтыр біздің түлегіміз Алмаз Асанәлі республикалық STEM олимпиадасына қатысып, Гран-при жеңіп алды. Қазір Малайзияның Xiamen University-де грантта оқып жатыр. Биылғы оқушыларым жылды үздік нәтижемен аяқтады: халықаралық Infomatrix және халықаралық Roboland жарыстарында 3-орын иеленді. Сонымен қоса, халықаралық STEM олимпиадасында жеңімпаз атанған оқушылар Астана қаласының IT университетінде оқуға грант алды. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз, одан әрі дамып, талай белестерді бағындырамыз деп ойлаймын.

– Қарағандылық балалардың компьютерді, техниканы меңгеру қарқыны қалай? Болашағынан үміт күтетін жастар бар ма?

– Қазіргі уақытты техника басқарады. XXI ғасыр – ақпараттық технологиялар ғасыры екені рас. Бүгінгінің жас баласы үнемі онлайн режимде. Олар кез келген ыңғайлы жерде ақпарат мұхитының шексіз ағынына қайта қосылу үшін портативті құрылғы (ноутбук, нетбук, макбук, планшет, коммуникаторлар) алып жүреді. Ақпараттық технология барлық жерде қолданылады: өнеркәсіпте, әуе көлігінде, теміржол көлігінде, ғылым, білім, әлеуметтік құрылымдарда, мемлекеттік басқаруда, экономика мен мәдениет саласында т.б. Жас ғалымдар үшін бұл өте өзекті, өйткені олар өз жобаларында ақпараттық технологияларды қолдана алады. Өз оқушыларымыз туралы айтатын болсақ, 9-сынып оқушысы Дастан Исмаилов бірнеше рет «Робототехника және балалар» тақырыбындағы жобалық жұмыстарға қатысып, ақылды автотұрақты іске асырды, ақылды терезе, орманды қорғау атты жобалардан жүлделі орын иеленді.

– Ақпараттық технологияны білу жағынан біздің оқушылар шетел оқушыларын басып оза ала ма?

– Ақпараттық технология саласы біздің елімізде кешеуілдеу дамып жатса да, шет елдерден еш кем емес деп айта аламын. Оған еліміздегі оқушылардың, оның ішінде қарағандылық білім алушылардың халықаралық робототехника, STEM олимпиадаларында шетел оқушыларынан басып озатыны дәлел. Қазақстанды осындай жастар дамытатынына сенемін.

– Сіздің ойыңызша, XXI ғасыр мұғалімі қандай болуы тиіс?

XXI ғасыр мұғалімі – жаңашыл болуы тиіс. Кәсіби маман болу үшін педагог үнемі ізденіс үстінде болуы тиіс. Мұғалім зор жетістікке жетуі үшін өзін-өзі дамытып, өзін-өзі қалыптастыра алуы керек.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

■БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Топардағы шығармашылық орталық

Топар кентіндегі шығармашылық орталық бұрынғы ауыл шаруашылық колледжінің күрделі жөндеуден өткен 3 қабатты ғимаратында 2018 жылы ашылған болатын. Ол 2022 жылдан бастап облыс әкімінің шешімімен «Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталығы» КММ ресми атауына ие болды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атының өзі айтып тұрғандай, бұл орталықта елді мекендегі үш мектептің 1-11 сынып оқушылары сабақтан бос уақытта шығармашылықпен айналысып, қабілет-қарымдарын шыңдайды. Аталған орталық директорының міндетін атқарушы Ахат Жакиев мекемедегі барлық лабораторияны көрсетіп, әрқайсының мақсат-міндеттері мен бағыттарын таныстырды. Атап айтқанда, оқушылардың конструкторлық және зерттеушілік, басқа да бейімін дамытып, өрістетуге зор мүмкіндік береді. Ягни орталықта осы заманға сай жабдықталып, жарақтандырылған Көркем шығармашылық, Техникалық модельдеу мен конструкциялау, 3D модельдеу және бағдарламалау, Робототехника, Химия-биологиялық лаборатория, Интеллектілік ойындар, Электроника және автоматика, Эстрадалық-драмалық студия және телестудия, Хореография бөлмелері жұмыс істейді. Қазірдің өзінде орталықта осы істермен шұғылданатын балалар саны 400-ге жеткен. Келешекте Топар төңірегіндегі ауыл мектептерінің оқушыларын да қамту жоспарда екен.

– Біздің орталықта, – дейді бізбен әңгімесінде осы мекеме директорының міндетін атқарушы Ахат Асхатұлы, – 11 педагог еңбек етсе, соның 3-еуі жоғары білімді, 7-еуі орта арнаулы білімді, бір маман магистратураны бітірген. Соның ішінде бір маман модератор, екінші санатты мұғалім бар. Міне, осы ұстаздар тәрбиелеген шәкірттердің алды едәуір нәтижеге жете бастаған. Мәселен, С.Ахметқалиева дайындаған Арын Қанатұлы, Әлихан Мұқанов пен Естай Абайұлы Robolend желісі бойынша 2020 жылы өткен 6 халықаралық олимпиада жүлдегері атанса, 2022 жылы осы аттас халықаралық жарыста Шахназар Әлдебергенов пен Ескендір Сәдуақасов 3-орын иеленді. Ал оқытушы Л.Гриндишинаның баптаған оқушысы Михаил Кочегуров авиамодельдеуден «Жаңа кәсіптер атласы» конкурсында 2-орын алған. Технопарк жұмысының алғашқы қорытындысы да қуантады. Айталық, осында даярланған оқушылар Дайыр Сағынтаев пен Кирилл Цыганов 9-сыныптан кейін Қарағанды машина жасау колледжіне оқуға түсіпті.

Топар кенті, Абай ауданы

СУРЕТТЕРДЕ: Технопарк тынысы

■«ҚАЗАҚШАҢ ҚАЛАЙ, БАЛАҚАЙ?»

«Өз тіліңді құрметте...»

Қарқаралы ауданында мемлекеттік тілді еркін меңгерген ұлты өзге бала бар. Ол – Альбина Девивье. Ұлты – татар. Егіндібұлақ ауылы №5 жалпы білім беретін мектепте 10-сынып оқиды. Қазақ тілінде мүдірмей сөйлейтін Альбина қазақ ақындарының өлеңдерін жатқа оқып, өзі де өлең жазады.

Альбина қазақ ақындары мен жазушыларының шығармаларын оқығанды жақсы көреді. Қарқаралыдан шыққан қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың өлеңдерін жатқа біледі. Сөзі ғана емес, өзі де қазақ болып кеткен бала адам бойындағы имандылық, адамгершілік қасиеттерін айрықша бағалайды.

Ол 7-сыныптан бастап өлең жазады. Өлең жазуға ұстаздары баулыды. Алғашқы өлеңдері туған жерге, Отанға, өзінің туған ауылына арналған. Альбинаның «Қаладан гөрі ауылды, телефоннан гөрі кітапты көбірек таңдаймын» деуі де тегін емес.

Балалық шағынан өлең өнеріне қадам басқан баланың болашағынан аудан халқы көп үміт күтеді.

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ
Қарқаралы ауданы

Тіл меңгерген теміртаулық

Теміртау қаласының «SOS Теміртау балалар ауылы» жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Лида Арешина қазақшаны бала кезінен үйренген. Балабақшада қазақ тобына топ етіп түсе қалған ол біртіндеп тіл үйрене бастайды. Кейін қазақ тілін жақсы меңгеріп алады.

Ұлты – орыс. Мемлекеттік тілді еркін меңгерген Лида қазақша сөйлегенде айналасындағылар таңданысын жасырмайды екен. Ол қазақ ақындарының өлеңдерін жатқа біледі. Қазақ достарының көп екенін де айтады.

Лида Арешина «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы аясында өткен байқауда Қарағанды облысынан қатысып, жеңімпаз атанған болатын.

Өз тілшімізден

■ҒАБИДЕН МҰСТАФИННІҢ ТУҒАНЫНА – 120 ЖЫЛ

Ұлтын сүйген ұлы жазушы

Қараша айының соңында М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада Ғ.Мұстафиннің 120 жылдығына арналған «Заманның көрнекті жазушысы» атты іс-шара өтті.

Оқушыларды туған өлкенің әдебиетімен, тарихымен таныстыру мақсатында ұйымдастырылған шараға №15 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Айнұр Дүйсенбайқызы мен Рахат Есниязова және Ғабиден Мұстафин атындағы №83 мектеп оқушылары қатысты.

Ұйымдастырушылар жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы баяндама жасап, оқушыларға деректі фильм көрсетті.

Аталған шара барысында балалар зергерлік ойын ойнады. Ойын кезінде оқушылар танысқан ақпарат бойынша, жазушының өмірбаяны мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап берді. Оқушылар теледидарда көрсетілген ұяшықтарды таңдаған кезде, баллдың мөлшеріне сәйкес қиын, жеңіл сұрақтар болды. Балалар сұрақтарға толық жауап беруге тырысты. Белсене қатысқан оқушыларға кітапхана атынан сыйға әдеби, тарихи кітаптар ұсынылды.

Мерекелік шара кітап көрмесіне ұласты. Кітапханашылар Ғабиден Мұстафиннің кітаптарымен таныстырып, шығармаларының мазмұнына қысқаша шолу жасады.

Айнұр БАКИРОВА,
№15 ЖББ мектебі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

■ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

Орны бөлек «Оқушылар сарайы»

Қарағанды қаласындағы «Оқушылар сарайы» балаларға қосымша білім беру, мәдени-сауықтыру, әдістемелік-ұйымдастыру бағыты бойынша жұмыс істейді. «Оқушылар сарайы» КМҚК мектептен тыс ұйымы – 2006, 2011 жылдары республикалық «Білім ұясы» байқауында «Үздік мектептен тыс ұйым» атанды, 2012-2017 жылғы оқу жылдары бойынша Үздік мектептен тыс ұйымы марапатына ие болды. Сарай Қарағанды қаласының балалары мен олардың ата-аналарының әлеуметтік сұранысына сәйкес қызмет атқарады.

Оқушылар сарайындағы тәрбие жұмысы ҚР-ның негізгі нормативтік құжаттарына сәйкес және 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі сегіз бағыты бойынша жүзеге асырылады.

Рухани адамгершілік – жеке тұлғаның ой тереңдігі мен байлығын анықтайтын негізгі қасиеттер. Сондықтан, жастарға ерте жастан осы қасиеттерді бойына сіңіру және дамыту өте маңызды. Баланың қоршаған ортамен таныс болуы – оның жеке тұлға болып қалыптасуына зор ықпал етеді.

Патриот болу үшін адам өзі өмір сүретін жердің тарихы мен мәдениетін терең біліп, құрметтеуі керек. Оқушылар сарайының педагогикалық ұжымы балаларға қазақ халқының мәдени мұрасын таныту мақсатында 2014 жылдан бастап «Алтын бесік» бағдарламасын оқу-тәрбие процесіне енгізді. Бағдарлама аясында Оқушылар сарайында «Ақсораң» экскурсия және өлкетану орталығы ашылды. Жыл сайын мектептердің сұранысы негізінде түрлі бағыттар бойынша экскурсия ұйымдастырылып, Қарағандының тарихи-мәдени ескерткіштеріне, Долинка ауылындағы Қарлагқа, Теміртау қаласындағы Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығына саяхат жасайды.

Бұдан бөлек, «Алтын бесік» бағдарламасы аясында 10 жылдан бері еліміздің түпкір-түпкіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерге экскурсиялар ұйымдастырылып келеді. Оның ішінде, облыс мектептерінің балалары үшін ең сүйікті және танымал бағыттардың бірі – Түркістан қаласына жасалатын өлкетану саяхаты. Экскурсия ежелгі Отырар, Арыстанбаб кесенесі мен Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінде жалғасады. Танымдық саяхат ежелгі Сауран қаласына баратын сапармен аяқталады. Сондай-ақ, көктемгі демалыс кезінде Сарай педагогтері оқушылар үшін Алматы қаласының тарихи орындарына саяхат ұйымдастырады.

«Алтын бесік» бағдарламасының келесі бір бағыты – «Шаңырақ» мәдени-демалыс бағдарламасы. Оқушыларды қазақ халқының негізгі салт-дәстүрлерімен таныстыру және оны құрметтеу мақсатында ұйымдастырылады.

Отаны сүю кіндік қаның тамған жеріне, өскен ауылына, өңіріне, яғни туған жеріне деген сүйіспеншіліктен бастау алады. Жыл сайын «Алтын бесік» бағдарламасының аясында, жаз мезгілінде тұрмысы төмен отбасынан шыққан балаларға, өңірдің жас жеткіншектеріне Қарқаралы ауданының демалыс базасы аясында «Қазыналы Жерұйық» бағдарламасын өткізу дәстүрге айналды. Бағдарламада Бектау-ата, Қарқаралы мемлекеттік ғылыми-зерттеу учаскесі, Әулиетау үңгірі мен тас лабиринті, Шайтанкөл көлі, Кент шатқалы, сонымен қатар тарихи-өлкетану мұражайы мен Құнанбай мешіті, Абай үйіне экскурсиялар жасалады.

Сонымен, балалардың рухани дүниесі бай болуына, қызығушылықтарын оятып, талғамы мен ой-өрісін жетілдіруде мұндай экскурсияның орны ерекше. Оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты болып отыр.

Ал, біздің басты мақсатымыз – қосымша сапалы білім бере отырып, мектептен тыс ұйымдарда өткізілетін барлық іс-шаралардың балалардың қоғамдық өмірге белсене араласуына, шығармашылық қызығушылығын қалыптастыруға, олардың ой-өрісін дамытуға, өз қабілетін көрсетуге және жаңа достар табуына мүмкіндік беруге бағытталған.

А.АҚПАРОВА,
«Оқушылар сарайы» КМҚК Қосымша білім беру педагогі

Дайындаған СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»